Облыстық өңірлерде, әсіресе шығармашылық жолын енді бастаған жас ұжымдарда аударма дүниелерге деген батыл көзқарастың бірден қалыптаса қоймайтыны белгілі. Бұл труппа құрамының аздығына немесе тәжірибесіздігіне, сонымен бірге қаржылық мәселелерге де тікелей байланысты. Өзінің алғашқы онжылдық шығармашылық даму жолында Өскемен театрында нақты

бір көркемдік бағыттың болмауы осындай себептерден деп айта аламыз. Ал, Р.Есдәулет директор әрі бас режиссер болып келген алғашқы күндерден-ақ театрдың шығармашылық тенденциясын еуразиялық бағытта дамытуды қолға алған болатын. Осы қадамын қырғыз драматургі Ж.Өзубекованың «Толғақ», жапон драматургі К.Кикутидің «Оралған әке», тәжік драматургі Ж.Құддыстың «Антұрған» пьесаларын сахналаудан бастаған режиссерге бұл бағыт түрлі ұлт менталитетін зерттеп білудің ізденіс көзі болды.

Р.Есдәулет: «...бір Мәскеудің өзінде 130 театр бар екен. Ол театрлардың әрқайсысының бағыты әр түрлі. Бірінің репертуарын бірі ешқашан қайталамайды. Бірі поэзиялық бағытта, тағы бірі комедиялық бағытта дегендей. Ал, біздегі, яғни Қазақстандағы 49 театрдың бағыты да, репертуары да бірдей деуге болады. Осы орайда мен қазақ труппасын еуразиялық бағытта дамытсам, көршілес елдердің театрларымен шығармашылық байланыс орнатсам бұдан ұтылмаймыз» [2], – деп өзінің шығармашылық жоспарын жиі айтып отыратын. Әрине, өнер көкжиегінде шекара-тосқауылдың болмайтыны рас. Осы тұста сол арманына жете алмай кеткен Рүстемнің ісін алдағы уақытта театр ұжымы жалғастырады деген үмітіміз бар.

Р.Есдәулеттің алдында терең ізденіске, зор танымдылыққа ден қою, аударма дүниелердегі идеяның, философияның астарын бағдарлау-бағамдау принциптері тұрды. Сондай ұстанымда сахналаған «Толғақ» психологиялық драмасының премьерасы 2006 жылы Қырғызстанның Чолпаната қаласында өткен «Аземи – 2006» Халықаралық фестивалінде көрсетілді. Қырғыз тілінде қойылған бұл спектакль «Ең үздік психологиялық спектакль», «Заманауи тақырыпқа ең үздік интерпретация үшін» номинацияларын иеленіп, І-ші орын алған. Қойылым бағдарламасында Ә.Сығайдың: ««Толғақ» спектаклінің болашағы зор. Жаңа ізденіс. Жаңа форма. ...«Толғақ» қойылымында актерлердің барлығы әрекет тудыра отырып, спектакльдің образдық жиынтығын жасады», – деген пікірі жазылған. Спектакль барысында біз де осыны аңғардық.

Мұнда адам санасын жайлаған қатыгездік, қызғаныш, дүниеқоңыздық бірінші планға шыққан. Ыстықкөлден форель аулап, күн көрген ағайынды жігіттердің балыққа, байлыққа таласы, ата өсиетін орындамай қасиетті бүркітті сатып жіберуі Ана жүрегіне қанжардай қадалады. Ағайындылардың өзара тартысының куәсі болып, мына күнәһар өмірге перзент әкелуді қаламаған Мээркүл – ұрпақ мәселесін көтерген автордың мақсатын айқындап берген кейіпкер. Жалпы мұнда ұрпақ шашып, су асты өмірін жалғастырушы балық пен жер бетіне тіршілік сыйлаушы әйел затының мінездері

параллель алынған.

Қатыгез күйеуінен кетіп қалған аяғы ауыр Мээркүлдің бір-біріне жылуы жоқ адамдардың іс-әрекетін көргенде толғағы қысып, ақыры қайғыға соғады, яғни зұлымдық салмағының ауырлығын түйсінген ол мына қарғыс толы өмірге шарананы қимай өліп тынады. Бұл рольдегі Кенжеқыз Қайырбаева өмір мен өлім арасында азап шеккен аяғы ауыр әйелдің ішкі қиналысын сыртқы оқиғалармен байланыстырып отырады. Күйеуіне деген реніші өзі куә болған Ана отбасындағы сұмдық жағдайға ұласып, өмірден түңілген Мээркүл – К.Қайырбаеваның жүзінде сүреңсіз өмірге наразылығы анық байқалды.

Сайраш Қопабаева да от пен судың ортасында қалған шарасыз Ананың көңіл-күйін дәл тапқан. Ана – С.Қопабаева әйелдерінің сөзінен шыға алмай, бір-бірімен керіскен балаларының ортасында не істерін білмей, «қойсаңдаршы» деп жалынғандай күй кешеді. Оның осы бір ауыз сөзден басқа айтары таусылғандай. Өз перзенттерінен түңілген Ана – С.Қопабаева Мээркүлге аяушылық білдіріп, оны үйіне кіргізуге келіндерінен бата алмай күйбендеп жүр, толғағы қысқан келіншекке жылы сөздерімен басу айтудан өзгеге дәрменсіз.

Отын тасып, балаларының үйін қайтсем жылытам деп пешін жаққан Ана мына жалған тірлікте сол балалары мен келіндеріне жақпады. Ана–С.Қопабаеваның өзімшіл ұрпағының мейірімсіздігінен, ашкөздігінен туындаған күйініші Құбұлдың бүркітті сатып жібергенін естігенде одан әрі өрши түседі. Шығарманың кульминациясы да осы тұс. «Мен бүркітті алып келуім керек. Атаңның өсиеті есіңнен шығып кетті ме? Айналайын, балаларым! Аталарыңның өсиеті естеріңнен шығып кетті ме?» деп ашынған Ананың күйзелісі психологиялық шарықтау шегінен асып, жынданып кетеді. Осындай драмалық тартыс үстінде бірте-бірте ашылып, дамып отыратын актриса ойынының өте шынайылығы кейіпкержандылық өнердің шыңын байқатты.

Драматург пьесасында Еркекке қаталдық, жауыздық характер беріпті. Бірақ ол тумысынан емес, өмірдің қиындығынан, әділетсіз қоғамды танып-білгендіктен қатыгез бейнеге айналған. Ол ұрпақ жалғастығын қалағанмен, оның бақытсыз өмір сүруіне қарсы. Өмірге деген өкініші мен ыза-кегі бойын кернеген Еркектің «Осындай алапат дүниеге қайтіп жүрегің дауалап бейкүнә нәрестені әкел дейсің» деген сөздерін жеткізуде Қанатбек Ниязбековтің мимикасы мен діріл аралас дауыс иірімдері кейіпкердің психологиялық толғанысымен астасып жатты. Сахнада көп көрінбесе де, өзінің шығармашылық тәжірибесін тағы бір байқатып өткен актер ойыны шынайылығымен есте қалды.

Қойылымда Аязқанды бейнелеген Гүлбақыт Бақтыбаева мен адуынды келін Мистекан роліндегі Майра Қаламқызының ойындары

шығармадағы тартыс темпін ширатып отырады. Олар ауыл әйелдерінің көреалмаушылық, қызғаншақтық, дөрекі, доңайбат мінездерін өзара қақтығыста аша түседі. М.Қаламқызы күйеуін уысында ұстайтын Мистеканды өшін қолындағы шелектен алардай соғып-соғып, бірде баласы жоқ Аязқанды кекетіп, бетін шымшып, ернін шығарып, мәдениеттіліктен ада ауыл әйелдеріне тән долы мінезде суреттейді. Актриса кейіпкерінің осындай шектен шыққан іс-әрекетімен адамзат баласының, оның ішінде әйел адамның аярлығы мен қараулығын қоюлата түскен.

Ал, бір перзентке зар болған Аязқанның іштегі шерін қыстыға жылаумен білдіретін Г.Бақтыбаеваның киналысы шынайы. Мистеканның зәрлі сөздерінен мезі болған Аязқан – Г.Бақтыбаева психологиялық күйреу үстінде. Онда аңқаулық та бар, ене сөзін тыңдайтын да осы Аязқан. Актриса кейіпкерінің осы аңғалдығына екпін бере отырып әрекет етеді.

Қырғыз шығармасы болғанмен, жаһандық проблеманы көтеретін пьесада автор ойы мен режиссер шешімі бір жерден тоғысыпты. Кейіпкерлер психологиясы күйзелу шеңберінен асып, үлкен қайғымен аяқталатын спектакль атмосферасы қоңырқай тартқан. Декорациялық безендірудегі ау-тор, жарық арқылы берілген көк толқындар оқиғаның Ыстықкөл жағасында өтіп жатқанын білдірсе, сахнаның екі жағындағы ағаш түбірі, айыр, балта, қап, ау тәрізді тұрмыстық құралдар балықшылар тіршілігін байқатады (суретші Владимир Лукьянов).

Бала аңсаған Ойронның отыннан бесік құрастыруы драматург меңзеген ұрпақ мәселесін көрсетудегі табылған ұтымды деталь болды. Баласындай арқасына салып, ойнататын осы отын-бесік Ойронның жұбанышына айналған. Кейбір көріністерде берілетін қырғыздың «Жылқышы» әні өзіндік сазымен спектакльге әдемі үн қосыпты (музыкамен көркемдеген Елена Мищенко). Және Т.Дүзбаев (Ойрон), А.Хамзин (Добул), Е.Хасенов (Күбұл), Ж.Әділова (Калайкан) рольдерінің де шынайы шығуы драманы көркемдік тұтастыққа көтерді. Неміс композиторы Карл Орффтың «Кармина Бурана» деп аталатын күрделі шығармасының аясындағы жынданып, бесік көтеріп жүрген Ананың, толғатқан Мээркүл мен теңселген бауырлардың әрекет-қимылдары трагедиялық финалға қисынды негіз болған. Жалпы Облыстық мәдениет басқармасы өткізетін дәстүрлі «Театралды маска» байқауының жеңімпазы атанған бұл қойылым драматург, режиссер, актерлердің шығармашылық тандемінен туған табысты спектакль болды.

Репертуардағы жапон (К.Кикүтидің «Оралған әке»), тәжік (Ж.Құддыстың «Антұрған»), орыс (А.П.Чеховтың «Шағала»)

халықтарының шығармаларын сахналауда Р.Есдәулет әрбір ұлттың менталитетін, мінезін, тақырыптың өзектілігін ашып көрсетуге барлық мүмкіндігін жұмсады. Әке мен бала арасындағы түсініспеушілікке құрылған жапон пьесасы отбасылық тақырыпты көтерсе, тәжік шығармасы адамның өлгеннен кейінгі топыраққа айналу философиясын баяндайды. Ал, шағала мен Треплевтің өмірін параллель суреттейтін «Шағалада» су, балық, батпақ, шөп – барлығының айтар ойы бар. Үш сағатқа созылған спектакльдегі менменшілдіктің, өзімшілдіктің, шынайы өнерді бағаламаудың, талантты мойындамаудың, қызғаныштың ақыры үлкен трагедияға алып келетінін актерлік ойынмен біте қайнаса әрекет ететін осы компоненттердің барлығы айтып береді.

Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрының директоры, көркемдік жетекшісі, бас режиссері, Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Рүстем Оразбайұлы осындай көркем туындыларды жарыққа шығаруда сүрінбеді деу жалған болар. Ол сүрінді, жығылды, бірақ ешқашан мойыған емес. Оның бойынан, ұшқындаған көз жанарынан болашаққа деген сенім анық көрініп тұратын. Сол үміті мен сенімі оны адастырған жоқ, керісінше өзгеше күш, қайрат, қуат берді. Рүстем өзінің сүрінгенін де, жығылғанын да тәжірибе жинаудың алғашқы баспалдақтары деп білді. Сол үйрену, қалыптасу мектебі Рүстемді биікке жетеледі. Енді ғана алысқа самғап, биікке ұмтылған кезінде кенеттен қанаты қайырылып, өнермен де, өмірмен де қош айтысты...

Негізінен Р.Есдәулеттің ақындық өнерінің өзі – арнайы зерттеуді қажет ететін тақырып. Оның «Қазақ әдебиеті» газетіне және «Бөрінама» жыр жинағына «Досыма», «Жылқы жылы», «Тағдырымның уысында...», «Түнгі жаңбыр», «Жігіт моноlogy», т.б. өлеңдері жарияланған. Бұларда лирика да, романтика да, өмірге деген құштарлық та, туған жерге деген махаббат та кездеседі. Рүстемнің барлық өлең жолдарының астарында патриотизм, гуманизм, мораль басым жатады.

«...Шимайлауға дайын тұрар бетімді,
Жауларыма жұлғызбаспын етімді.
Қайнап жатыр бір жұмбақ күш қанымда,
Сізден жұққан намыс оты секілді.

...Бар жүрекке жылу шашып өлеңім,
Өскеменнен театр ашсам деп едім.
Қаламыздың қақ төрінен қазақтың
Сахнасын түсімде де көремін.

Иә, түсімде сұлу, әсем ғимарат,
Сарайында қаракөздер жиналад.

Фойесінде Оралханның мүсіні,
Спектакль көретіндей тұр қарап» [3], – деп толғайды ол.

Өкінішке орай, Рүстем Оразбайұлы осы Өскемен қаласының
қақ төрінен Оралхан Бөкей атындағы қазақ драма театрын ашу
арманын өзімен бірге ала кетті...

Әдебиеттер:

- 1 Бакинбаева А. «Ғашықсыз ғасыр» сахнада //Әдебиет айдыны. – 2008. – № 14 (67).
- 2 Есдәулет Р. Біз көрерменді, көрермен бізді тапты //Жас қазақ. – 2008. – № 15 (1056).
- 3 Есдәулет Р. Жарқ еткен бір жасындай... //Қазақ әдебиеті. – 2010. – № 43.

References:

1. Bakinbaeva A. «Gashyqsyz qasyr» sahnada // Adebiet ajdyny. – 2008. – № 14 (67) (In Kazakh)
2. Esdaulet R. Biz korermendi, korermen bizdi tapty // Zhas qazaq. – 2008. – № 15 (1056) (In Kazakh)
3. Esdaulet R. Zharq etken bir zhasyndaj... // Qazaq adebieti. – 2010. – № 43. (In Kazakh)

SOCIAL AND HUMAN SCIENCES AND MANAGEMENT IN ART

FTAXP 14.07.05

Г.А. Калдыбаева¹

*¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

Н.А. Мұстафа²

*²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІККЕ БАУЛУ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМ ТҮСІНІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ

Аннотация

Ұсынылып отырған мақалада қазіргі мектептің алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы – жасөспірімді жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға ретінде тәрбиелеу. Сол тәрбиенің ішінде эстетикалық тәрбие маңызды орын алады. Әсемдікті жасаудың негізгі заңдарын білу және әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған жоғары деңгейде рухани ләззат алуға мүмкіндік береді. Эстетикалық тәрбие, біріншіден, үй-іші мен отбасынан басталса, екінші кезеңі балабақша, үшінші кезеңі баланың мектеп есігін ашуымен басталады. Баланың отбасына балабақшадан алған эстетикалық тәрбие қоры мектеп қабырғасында жетіле әрі дами түседі де, оқушының өмірге деген көзқарасы қалыптаса бастайды.

***Кілт сөздер:** мектеп, бейнелеу өнері, шығармашылық тұлға, эстетикалық тәрбие, мәдениет, дәстүр, балалық сезім, талғамын қалыптастыру, шеберлік.*

G.A. Kaldybaeva¹

*¹Kazakh state women pedagogical university
(Almaty, Kazakhstan)*

N.A. Mustafa²

*²Kazakh state women pedagogical university
(Almaty, Kazakhstan)*

TEACHING FOR THE CREATIVE WORK OF SCHOOL STUDENTS BY EXPANDING THE CONCEPT OF AESTHETIC KNOWLEDGE

Annotation

In the proposed article, the most important task facing the modern school is to educate the teenager as a fully-fledged creative person. Aesthetic upbringing takes a

significant place in that education. Esthetic education plays a great role in the life of a person. Seeing, understanding, and enriching the beauty make the person's spiritual life more interesting and enjoys the highest spiritual pleasure. Esthetic education begins first, starting with the family, the second stage begins with the kindergarten, and the third stage begins with the opening of the child's school door. An aesthetic education fund that has been received from a kindergarten for the child's home develops and develops in school, and the student's attitude toward life begins to grow.

Keywords: school of fine arts, creative person, aesthetic education, culture, tradition, childhood feeling, formation of taste, skill.

Г.А. Калдыбаева¹

*¹Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)*

Н.А. Мұстафа²

*²Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)*

РАСШИРЕНИЕ ПОНЯТИЯ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ПОЗНАНИЯ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА УЧЕНИКОВ ШКОЛЫ

Аннотация

В данной статье представлено самое важное обязательство перед современной школой – воспитание разносторонне развитой творческой личности подростков. Эстетическое воспитание занимает значительное место в процессе воспитания. Знание основных законов сотворения красоты и умение творить красоту обогащает духовную жизнь человека, делает ее интереснее, дает возможность испытания величайших духовных наслаждений. Эстетическое воспитание ребенка начинается, во-первых, в семье, второй этап приходится на детский сад, третий этап начинается с открытия школьной двери. Собранный запас эстетического воспитания (в семье, детском саду, в школьные годы) будет совершенствоваться и развиваться далее, формировать взгляды ученика на жизнь.

***Ключевые слова:** школа, творческий человек, изобразительное искусство, эстетическое воспитание, культура, традиции, детское чувство, формирование вкуса, мастерство.*

Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектеп тұжырымдамасында оқушылардың сана-сезімін оятып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрлерді аялай білу негізгі міндеттердің бірі болып табылатындығына ерекше көңіл бөлінген. Оқушы эстетикалық жағынан дамып, жетілуі үшін эстетикалық тәрбиені беру өте ерте, баланың жас кезінен басталуы қажет. Өйткені, балалық сезім – саналы өмірдің негізі. Бұдан саналы өмір негіздерін қалауда қандай да берік

сенімді тірек қажет болатыны түсінікті. Оқушылардың өз елінің, халқының, соның ішінде өзі мекен ететін аймақтың әдебиетіне, дәстүрлеріне деген сезімдік-эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастыру – бейнелеу өнері пәнінің негізгі міндеті болып отыр. Оқушылардың шығармашылық тұлғасын дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелерінің бірі.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген нақыл сөзді Мұхтар Омарханұлы Әуезовтей ғұлама текке айтпаса керек. Бала кішкентайынан айналадағы әсемдікке әсерлене қызығады. Талғау мен таңдауына дұрыс бағыт-бағдар бере алсақ, онда оның талғамы да жоғары болып қалыптасады. Сезіну, түйсіну, қабылдау, дағдылану сияқты психологиялық процестер арқылы оның дарыны дамып жетіледі [1]. Қазіргі мектептің алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы – жасөспірімді жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу. Сол тәрбиенің ішінде эстетикалық тәрбие қомақты орын алады. Алға ұмтылған әр ел ертеңін, болашағын ойлап, өскелең ұрпағын жан-жақты гармониялық үйлесімде дамытын тұлға болып қалыптассын деп тәрбиелейді. Өнерге деген эстетикалық талғамын қалыптастыру, қалыптастырып қана қоймай, әсемдіктің заңдылықтары арқылы шығармашылыққа баулу. Қазіргі мектептің алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы – жасөспірімді жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу. Сол тәрбиенің ішінде эстетикалық тәрбие қомақты орын алады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғарғы рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Эстетикалық тәрбие, біріншіден, үй-іші мен отбасынан басталса, екінші кезеңі балабақша, үшінші кезеңі баланың мектептің есігін ашумен басталады. Баланың отбасына балабақшадан алған эстетикалық тәрбие қоры мектеп қабырғасында жетіле әрі дами түседі де, оқушының өмірге деген көзқарасы қалыптаса бастайды [2]. Бұрынғы сезінген, көрген, білген эстетикалық өмір құбылыстарында көптеген жаңалықтар орын алып, баланың білімі күн санап, апталап кеңейе түседі. Бейнелеу өнері оқытушысының міндеті – мектеп жасындағы баланың бойында эстетикалық тәрбиені қалыптастыру. Сонымен қатар оқушыларға сыныптан тыс оқу жұмыстарын ұйымдастырып оқушы қабілетін, сана-сезімін, эстетикалық сезіміне, ой-өрісіне, талғамына әсер етіп, оның сезімін ояту.

Оқушы бойында эстетикалық көзқарас қалыптастыру, сонымен қатар өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезінуге мұғалімдер жетелеуге міндетті. Орта мектеп мұғалімдерінің шығармашылық іс-әрекетіне көмек беретін теориялық және сарамандық (практикалық) нұсқаулардың мазмұнын баяндау, жас жеткіншектердің ұлттық сезімдерінің қалыптасуына «Бейнелеу өнері» арқылы ықпал

етеді. Эстетикалық тәрбие негізінен жеке адамның эстетикалық талғамының қалыптасуына, өнер шығармаларында бейнеленген ақиқат құбылыстардың эстетикалық тұрғыдан ұғынуды дамытуға, көркем өнерпаздық қабілеттілікке және өнер саласындағы өнерпаздық дербестікке бағыттайды. Оқушының өнердегі, адамдардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасындағы әсемдікті түйсініп әсерленуі тұлғаның эстетикалық сезіміне тәуелді. Жас ұрпақ дүниетанымының дұрыс қалыптасуы, ой-өрісінің жоғары болуы оқу-тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына байланысты.

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жана міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жанаша жұмыс істеуін қажет етеді.

Бейнелеу өнерін орта мектепте оқытудағы басты тағы бір міндеті – оқушыларға реалистік суреттің қарапайым негіздерін, сурет салудың ептіліктері мен дағдыларын меңгерту болып табылады. Мұғалім балаға карандашты қолға қалай ұстау керек екендігін, сызықты қалай жүргізу қажеттігін, қағаз бетіне заттардың көлемін қалай бейнелеу керектігін көрнекті түрде салып көрсетеді. Сонымен қатар ол сурет салуға қажетті әр түрлі материалдармен, құралдармен таныстырып, суретті қандай әдістемелік бірізділікпен орындау қажеттігі жайлы айтып түсіндіреді. Оқыту барысында баланың ақыл - ойын, қиялын т. б. танымдық үрдістерін дамытып қоймай, баланы әртүрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарады.

Бейнелеу өнерін оқытудың маңызды міндеттерінің бірі -оқушыларды өнердің әйгілі шығармаларымен таныстыру. Мұғалім өнер туралы әңгіме кезінде графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәндік қолданбалы өнердің түрлері туралы әңгіме қозғайды. Өнер туралы әңгіме оқушыларды адамзат мәдениетінің даму тарихымен, өнердің белгілі шығармаларымен, ұлы суретшілердің өмірі мен шығармашылығымен, белгілі кезеңнің стилімен, бұрынғы және қазіргі даңқты өнер адамдарымен таныстырады.

Жас жеткіншекті шығармашылық шеберлікке баулу арқылы таным-түсініктерін кеңейту үшін мектеп қабырғасындағы немесе үйірме жұмысындағы бейнелеу өнері танымдарының қалыптасуына ерекше ықпал ету қажет. Көркем бейнелеу шығармашылығының ерекше белгісі әсерлі бейнелер жасаудан тұрады. Алайда, оқушы суретте, мүсінде, графикада заттың өзіне тән қасиеттерін: пішінін, құрылысын, түрін беру қабілетін ең болмағанда қандай да бір

дәрежеде меңгермейінше, образ жасай алмайды.

Адамдар жасаған заттардың эстетикалық қасиеттерінің сипаттамасы олардың идеялық-адамгершілік бағасына жақын. Адамдардың игілігі үшін, олардың бақыты үшін жасалынып жатқандардың бәрі әсемдік ретінде қабылданады. Сыртқы сұлулық заттың атқаратын игілікті қызметімен сәйкес келген жағдайларда эстетикалық және адамгершілік жағын бұлай үйлестіру оқушыларға түсініктірек болады.

Көркем шығарма өнерді осы нақты әлемде көрсетеді. Олар шынайы көркем жаңа мәдениетте өзінің, өнердің біртуар шығармалары тарихымен қатар дамып отырады. Эстетикалық - эмоциялық әсер өзегі әр шығарма, әр өнер бұйымының көркем құрылымында байқалады. Көркем туындылар көркем бейнелер арқылы қоғамның қойнауында сырт көзге білінбестей өтіп жатқан өзгерістерге, шиеленістерге сезімталдық танытып, көрнекілейді.

Эстетикалық тәрбиенің мәні – оның шығармашылыққа тән жасампаз тұлға тәрбиелеуінде. Көркем эстетикалық тәрбие эстетикалық білім алу негізінде басталады. Сөйтіп, қоршаған мәдени ортаның эстетикалық құндылықтарымен, өнер туындыларымен толықтырылады [3].

Әдебиеттер:

1. Райыс Ғ. Эстетика: оқулық. – Алматы: Өнер, 2012. – 584 б.
2. Құлсариева А.Т. Эстетика. – Алматы, 2003. – 32 б.
3. Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 234 б

References:

1. Rajys G. *Estetika: oqulyq*. – Almaty: Oner, 2012. – 584 b. (*In Kazakh*)
2. Qulsarieva A.T. *Estetika*. – Almaty, 2003. – 32 b. (*In Kazakh*)
3. *Qazaq estetikasyryn qundylyqtyq-magynalyq negizderi. Uzhyndyq monografija*. – Almaty: QR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty, 2014. – 234 b. (*In Kazakh*)

IRSTI 14.27.01

B.A. Arinova¹

*¹Al-Farabi Kazakh National University
(Almaty, Kazakhstan)*

A.B. Tukaeva²

*²Al-Farabi Kazakh National University
(Almaty, Kazakhstan)*

THE WORK OF THE EDUCATIONAL PSYCHOLOGIST AT THE ORGANIZATION FREE TIME OF ADOLESCENTS

Annotation

In the article it is considered the free time of adolescents and its influence on adolescents. The problem of the free time of modern adolescents is relevant as in the developed social and economic conditions not in all families, the parents are capable to check, then their child after school is engaged.

Key words: *free time, activity, real leisure, adolescents, economic conditions.*

Б.А. Әрінова¹

*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

А.Б. Тукаева²

*²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ

Аннотация

Қазіргі заманда жасөспірімдердің бос уақыт мәселесі өзекті болып табылады, өйткені әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты көпшілік отбасылар балаларының мектептен, оқудан тыс бос уақытта істейтін әрекеттерін басқара алмайды. Мақалада педагог-психологтың жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастырудағы рөлі мен орны қарастырылады.

Кілт сөздер: *бос уақыт, белсенділік, нақты бос уақыт, жасөспірім, экономикалық жағдайлар.*

Б.А. Аринова¹

¹Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
(Алматы, Казахстан)

А.Б. Тукаева²

²Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
(Алматы, Казахстан)

РАБОТА ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА ПРИ ОРГАНИЗАЦИИ СВОБОДНОГО ВРЕМЕНИ ПОДРОСТКОВ

Аннотация

Проблема свободного времени современных подростков является актуальной, поскольку в сложившихся социально-экономических условиях не во всех семьях родители способны проконтролировать, чем занимается их ребенок после школы. В статье рассматривается роль и место педагога-психолога в организации свободного времени подростков.

Ключевые слова: свободное время, деятельность, реальный досуг, подросток, экономические условия.

The problem of free pastime of teenagers is relevant today and one of the major directions from social and pedagogical activity. Free time is the dominating space in which there is a physical and mental, spiritual and emotional development of the person.

Leisure is a possibility of the person to do in the spare time various activities for the choice. Types of leisure activity can be classified by five groups: rest, entertainments, holidays, self-education, creativity. Rest takes off fatigue and restores physical and spiritual powers. Passive rest removes stress relaxation, contemplation of the nature, reflection, etc. Active recreation represents physical and cultural activity (physical culture, tourism, reading, hearing of music, etc.). Entertainments (viewing of movies, visit of theaters, concerts, the museums, excursions, travel, etc.) have compensation character and provide the person change of impressions. Holidays combine rest and entertainments, allow the person to feel emotional lift. Self-education (reading, lectures, debates, seminars and so forth) acquaints people with values of culture and combines acquisition of knowledge with entertainments. Creativity provides the highest level of leisure activity. Children's leisure is carried out, first of all in family and also in special facilities (libraries, the museums, clubs, houses of creativity, sports sections, amateur associations on interests, etc.) [1. p.48].

Leisure influence huge impact on all spheres of activity of the person. Its value at teenage age which in ontogenesis of the person, is the period of intensive development and formation of the personality

is especially important. It isn't difficult to interest the adolescent, more difficult to keep, support and develop interest. Formation at adolescents' skills of self-organization — the relevant social and pedagogical task representing one of the major levels on the way to mastering by them the culture of leisure pastime.

In the modern, changing social and economic conditions it is necessary most fully, systematically and effectively to realize the social and pedagogical potential of free time of adolescents. It is essential to expand the ordinary directions and forms and also technologies and methods of work with children and adolescents out of school hours. Leisure for modern adolescents is one of paramount values as leisure is a combination and association and rest and work. In this sphere their many sociocultural requirements are implemented and certain desires and interests are met. In the sphere of leisure adolescents more than somewhere act as free identity, accept the independent choice, show skills of control and self-checking. Leisure (nonlearning employment) is the zone of active communication satisfying needs of adolescents for contacts in nonlearning time. Such forms of leisure as amateur association on interests, mass holidays — the favorable sphere for understanding of the qualities, merits and demerits in comparison with other people [2, p. 75]. It is possible to approach definition of leisure concept from four points of view:

1. Leisure as contemplation which is directly connected with high I.Q. and cultures, in other words this condition of mind and soul.

2. Leisure as activity — is usually characterized by concrete activity which isn't connected with the worker activity in any way, giving, advantage to process of self-realization of the personality.

3. Leisure as free time, choice time — it can be used variously, and it can be used for the activity connected with work or not related. Leisure is considered as time when the person is engaged in the fact that it isn't his duty [3, p.86].

4. Leisure integrates three previous concepts, erases a side between “work” and “not work” and estimates leisure in the terms describing human behavior. Includes a concept of time and the relation to time. Max Kaplan considers that leisure - it is much bigger, than just free time or the list of the kinds of activity directed to restoration. Leisure should be understood how the central element of culture having deep and difficult communications with common problems of work, family, policy [4, p. 45].

Leisure under certain circumstances can become the most important factor of physical development of children as being engaged in interesting and favourite business children maintain the emotional health and also leisure activity directly promotes an exit from stresses, to removal of aggression, disturbing states, and, at last, leisure is recognized as the

considerable tool prevention of intellectual backwardness and rehabilitation of intellectually sick children. The special value of leisure is that it can help the child, to the adolescent, the young man to turn inclinations into abilities, to realize that the best that in it is.

Leisure of children — time, free from obligatory studies, used for games, walks and sport, reading, occupations by art, the equipment and other types of useful activities for own inclination of children [5, p.83].

Leisure for adolescents, means a lot of things is it the sphere in which, acting in new social roles, excellent from family and school, they especially fully disclose the needs of nature in freedom and independence, vigorous activity and self-expression. It is possible to allocate real leisure (socially useful) and imaginary (asocial, personally significant) leisure.

1. Real leisure is a type of leisure which is characterized unity of interest of the personality and society and not in gap both with the personality, and with society in any way. In other words, this condition of activity, creation of relative freedom from necessary daily affairs, time for rest, self-updating, entertainment.

2. Imaginary leisure is a type of leisure which is characterized first of all by violence, either over itself, or over society, and the end result of this type of leisure, destruction of and societies is. Imaginary leisure, is caused, inability to spend the time, this aimless pastime leading to asocial acts.

It is possible to withdraw the following main characteristics of leisure of children, teenagers and youth:

- leisure has accurately expressed physiological, social, and psychological;
- leisure is based on freedom at the choice of occupations and degree of activity;
- leisure assumes not regulated and formal, and free, vigorous, creative activity;
- leisure forms and the personality develops, thereby realizes the hidden potential and inclinations, turning them into abilities;
- leisure promotes self-expression, self-updating, self-education, self-affirmation and self-development of the personality through freely chosen activity;
- leisure forms need of children for independence, freedom and independence;
- leisure promotes disclosure of natural talents and acquisition of skills, useful to life;
- leisure stimulates a creative initiative of children;
- leisure is the sphere of satisfaction of own needs of the personality;

- leisure promotes formation valuable orientations, installations;
- leisure acts as a peculiar “zone of limited intervention of adults and the environment”;
- leisure promotes an objective self-assessment of children, adequate perception of the world around;
- leisure is formed positive “By me — the concept”;
- leisure provides satisfaction, excellent mood and personal pleasure, satisfaction from the end result of the activity;
- leisure forms socially important needs of the personality and also a standard and standards of behavior for society [5, p.74].

Thus, it is possible to note that essence of leisure for children and young people is the creative behavior (interaction with the environment) children, adolescents and youths in free for the choice of an occupation and degree of activity to the existential environment, determined internally (requirements, motives, installations, the choice of forms and ways of behavior) and externally (the factors generating behavior).

Children estimate themselves, being guided by socially accepted criteria and standards because the consciousness socially according to the contents, in essence and is impossible out of communication process. In the conditions of leisure, the communities giving to children, teenagers and youth an opportunity to act in the most various social roles are formed.

In the sphere of leisure teenagers are more open for influence and impact on them of the most various social institutes that allows to influence with maximum efficiency their moral shape and outlook. In the course of collective leisure pastime there is a consolidation of feeling of solidarity, increase of extent of consolidation, stimulation of labor activity, development of living position, learning of standards of behavior in society.

The leisure of adolescents, process filled with difficulties and contradictions. This results from the fact that teenagers have full authority to fill the leisure activity at own will, according to the interests and requirements, but often they aren't ready to the conscious choice to a kind of activity which will promote their full formation and formation as persons. And also aspiration to the independent choice of various forms of leisure, teenagers, after all are limited a certain circle of social roles. It is possible to draw a conclusion that on the one hand, without having stability of interests and the needs for the plan of filling of leisure, teenagers more willingly take the forms of the organization of leisure from adults, it is worth noticing that such way not always positive and corresponds to the level of their physical and mental development.

Children estimate themselves, analyze acts and actions, at the same time try to adhere to socially accepted standards and traditions, standards of society as the consciousness is social according to the contents, and it is

impossible out of process of interpersonal communication.

Thus, leisure forms the certain micro society giving to children, teenagers and youth an opportunity to act in the most various social roles, the child studies, adopts certain rules and norms, thereby facilitating process of adaptation and socialization.

References:

1. Viktorov A. *Leisure – business serious*//Education of school students. – N. 5. – **2000**. – 110 p. *(In Engl)*
2. Bugloss, A.F. *Pedagogika of leisure* [Text]: textbook / A.F. Volovik, V.A. Volovik. – Moskva: Flint's MPSI. – **2008**. – 232 p. *(In Engl)*
3. Gridchin, M. M. *Problems of influence of information technologies on youth*/ M.M. Gridchin//Power. **2012**. – N. 9. - 18 p. *(In Engl)*
4. Galchenko, A. *B.O of typology of leisure programs and not only* / A.B. Galchenko. – M.: Knowledge, **2012**. – 320 p. *(In Engl)*
5. Vygotsky, Hp. *Pedagogical psychology: manual*/Hp Vygotsky. — M.: Education, 2008. – 342 p. *(In Russ)*
6. Grebenyuk, O.S. *Pedagogika of identity: educational method. grant* / O.S. Grebenyuk. – Kaliningrad: Education, **2009**. — 126 p. *(In Russ)*

МРНТИ 18.15.61

К.К. Жунусов¹

*¹Челябинский государственный институт культуры
(Челябинск, Россия)*

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ МУЗЕЙНОЙ СЕТИ КАЗАХСТАНА: К ВОПРОСУ КЛАССИФИКАЦИИ

Аннотация

В последнее время музей становится объектом пристального внимания со стороны общества и государства, чему свидетельствуют количество все больше выпускающихся периодических изданий, публикаций и выставок, посвященных деятельности музеев. В статье рассматриваются основные подходы к классификации музейной сети Казахстана. Классификация в соответствии с развитием музейной сети может меняться. Классифицируя музеи, можно определить структуру их фондов, экспозицию того или иного музея и другие виды музейного творчества, которые были отражены в данной статье.

Ключевые слова: классификация, музеи Казахстана, проблемы классификации музеев Казахстана, состояние музейной сети

Қ.Қ. Жүнісов¹

*¹Челябинск мемлекеттік мәдениет институты
(Челябинск, Ресей)*

ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ: ОЛАРДЫ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Соңғы уақытта қоғам мен мемлекет тарапынан музейлерге ерекше назар аударылып отыр. Оның дәлелі ретінде музей қызметіне байланысты көптеп шығарылатын мерзімдік басылымдар, мақалалар мен музей қызметіне қатысты көрмелер санының артып отырғанын айтуға болады. Мақалада Қазақстанның музейлер жүйесін классификациялаудың негізгі тәсілдері қаралып, негізгі параметрлері бойынша классификацияланады. Мақалада ұсынылған музейлерді классификациялау арқылы олардың қор құрамын, экспозициясын және музейлік шығармашылықтың басқа да түрлерін анықтауға болатындығы көрсетіледі.

Кілт сөздер: классификация, Қазақстан музейлері, Қазақстан музейлерін классификациялау мәселелері, музейлік жүйенің жайы

K.K. Zhunussov¹

*¹Chelyabinsk State Institute of Culture and Arts
(Chelyabinsk, Russia)*

MODERN STATE OF THE MUSEUM NETWORK OF KAZAKHSTAN: THE QUESTION OF ITS CLASSIFICATION

Annotation

Recently, the museum has become the object of close attention on the part of society and the state, as evidenced by the number of more and more issued periodicals, publications and exhibitions, devoted to the activities of museums. In the article considered the main approaches to the classification of the museum network of Kazakhstan, the museums of Kazakhstan are classified according to several parameters. In accordance with the development of the museum network, their classification can also change. By classifying museums, we can determine the structure of their funds, the exposition of a museum and other types of museum creativity that were and are reflected in this article.

Key words: *classification, museums of Kazakhstan, problems of classification of Kazakhstan museums, state of the museum network*

Современные музеи представляют собой научно-культурные комплексы и центры. Просветительные и образовательные аспекты стали неотъемлемой частью музейной деятельности. Многообразие музеев, специфика экспозиций, их коллекции имеют широкий спектр, поэтому классификация музеев Казахстана поможет в изучении современного состояния музейной сети страны.

Классификация музеев в группы позволит систематизировать подходы культурно-образовательной деятельности в соответствии со специфическим профилем того или иного музея.

В нашей стране функционируют 238 музеев. Большая часть из них – это государственные музеи. Существуют также частные музеи, финансирующиеся и поддерживаемые общественными организациями, к примеру, Музей уйгурской культуры. Анализ существующих классификаций музеев позволяет заключить, что выбор признаков, по которым музеи объединяются в группы, зависит от мнения исследователя.

Формирование отечественной музейной сети начинается с конца XIX - начала XX века. В этот период в стране появляются первые музеи – Семипалатинский историко-краеведческий музей (1883), Казахский Центральный краевой музей (Центральный государственный музей в Алматы, 1920) и др. Становление музейной сети Казахстана рассматривается с развитием всей музейной сети Российской империи, а затем и Советского Союза, как части одной страны.

В основу классификации музеев нами были положены следующие признаки: по типам или по роду деятельности; по типу

хранимого наследия (ансамблевые, средовые, коллекционные музеи и т.д.); по профилю; по расположению объектов и экспозиций вне помещений – музеи под открытым небом (музеи-заповедники, музеи-памятники, архитектурные ансамбли, ландшафты, экологические музеи и т.д.); по совмещающим признакам двух и более профилей; музеи со специфическими признаками (комплексные, краеведческие, историко-литературные, архитектурно-художественные и т.д.); по категориям культурной значимости; по статусу (по формам собственности, по административно-территориальной принадлежности, по положению в музейной сети).

В соответствии с развитием музейной сети может меняться и их классификация. Со времени появления музеев современного типа система классификации музеев не раз менялась, находясь в непосредственной зависимости от общей социокультурной ситуации в стране и в неразрывной связи с развитием музейных учреждений, науки и культуры [1]. Классифицируя музеи, мы можем определить структуру их фондов, экспозицию того или иного музея и другие виды музейного творчества.

По основным видам деятельности классифицировать музеи начали в 20-е годы прошлого столетия. Рассматривая основные признаки классификации музеев по роду деятельности, следует отметить, что она связана с основной категорией посетителей, с которой работает музей. По роду деятельности музеи Казахстана можно разделить на несколько больших групп: научно-исследовательские музеи, музеи массовые (научно-просветительские), детские и т.д. [2].

Научно-исследовательские музеи обычно действуют при академиях наук или научно-исследовательских институтах. Как например, Музей геологии Академии наук Казахстана. Это музей научного направления, фонды и образцы геологических пород музея используются в научных целях. Экспозиция таких музеев в большинстве своем ориентирована на специалистов определенной отрасли и чаще всего они являются структурными подразделениями научно-исследовательских учреждений.

Самый распространенный тип музеев — это научно-просветительские музеи. Наряду с исследовательской работой такие музеи активно занимаются культурно-просветительской деятельностью. К научно-просветительским музеям можно отнести Национальный музей Республики Казахстан, Этномемориальный комплекс «Карта Казахстана Атамекен», Центральный государственный музей Республики Казахстан. Деятельность научно-просветительских музеев, в основном, ориентирована на массового посетителя, где большое внимание уделяется созданию экспозиций, выставок и культурно-

просветительных мероприятий.

К учебным музеям в нашей стране относятся Музей палеолита Казахстана и Музей археологии при Казахском национальном университете имени Аль-Фараби. В основном, учебные музеи направлены на обеспечение наглядности и предметности образовательного процесса.

Детские музеи направлены на создание музейно-образовательных интерактивных проектов для детей и их родителей. Особенность детских музеев в том, что в них экспонаты можно трогать руками, играть. В основном, в нашей стране функционируют специальные экспозиции или детские центры при научно-просветительских и других музеях.

Вышеуказанная классификация носит довольно условный характер. Научно-просветительские музеи могут использоваться в учебном процессе, а их фонды в научных целях. Во многих зарубежных странах в музеях проводятся уроки для учащихся школ, колледжей и вузов. В последнее время в музеях постсоветских стран также внедряется система музейных уроков.

Одним из основных критериев является классификация по типу хранимого наследия в музее. Группировка в зависимости от хранимого историко-культурного или природного наследия, в основном, используется музейоведами и затрагивает наиболее глубинные различия музеев [3]. Существуют коллекционные музеи (один из наиболее древних типов музеев), ансамблевые музеи (дом-музей Д. Кунаева, дом-музей М. Ауэзова), музеи заповедники (Национальный историко-культурный и природный заповедник - музей «Улытау», Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык»).

Деятельность коллекционных музеев, в основном, направлена на собирательскую работу музейных предметов, относящихся к определенной личности. Это могут быть его личные вещи, его труды и рукописи, история родного края и т.д. Музеи-заповедники – особая разновидность музеев, которая располагается под открытым небом, в состав которого входят не только исторические памятники, но и окружающий ландшафт, природа, архитектурные памятники и т.д. Для большей сохранности важных историко-культурных ценностей и архитектурно-ландшафтной среды государство наделяет их правовым статусом «заповедник», предусматривающим особые режимы сохранения.

Самая обширная и сложная группировка музеев – это классификация по профилю. Музеи схожего профиля нами объединены на несколько профильных групп. Это художественные музеи, естественнонаучные музеи, комплексные музеи, исторические музеи, театральные музеи, архитектурные музеи, литературные музеи,

музыкальные музеи, музеи науки и другие. В зависимости от структуры и отрасли знаний эти музеи могут делиться на более узкие профильные группы [4].

К художественным музеям можно отнести Государственный музей искусств имени А. Кастеева, в собрании которого имеется богатейшая коллекция произведений изобразительного искусства Казахстана, полотна известных мировых мастеров и современного искусства. Это один из значимых музеев страны, в фондах которого есть богатая коллекция художественных ценностей, декоративно-прикладного искусства. Можно отметить Восточно-Казахстанский областной музей изобразительных искусств имени семьи Невзоровых, в коллекции которого находятся шедевры русского, европейского и казахстанского изобразительного искусства XVI-XX веков.

Характер естественнонаучных музеев направлен на изучение процессов взаимосвязи человека с окружающей средой, создание экспозиции, раскрывающей данные процессы. Естественнонаучные музеи в соответствии с научной направленностью могут быть антропологическими, палеонтологическими, биологическим, ботаническими и так далее. Примером музея естественнонаучной направленности в Казахстане можно назвать Музей природы и палеонтологии г. Алматы.

Существуют музеи-фонды, деятельность которых связана с несколькими направлениями научной дисциплины и отраслями знаний. Их называют комплексными музеями, и они представлены наиболее широкой сетью. Из более чем двухсот музеев Казахстана 90 являются краеведческими музеями. Краеведческие музеи сочетают в себе как минимум две научные специализации – историческую и естественнонаучную.

Собрания комплексных музеев отражают социально значимые феномены, которые относятся к разным профильным дисциплинам науки. В их коллекциях представлены источники по разным отраслям знания. Деятельность музея может являться комплексом как гуманитарных и естественнонаучных (как в краеведческих музеях), так и только гуманитарных (историко-художественные, литературно-художественные и др. музеи), или только естественнонаучных дисциплин (музеи науки и техники и т.п.).

Наиболее распространенный вид комплексного музея – краеведческий. Краеведческие музеи собирают коллекции по природе, экономике, истории, культуре определенного административно-территориального региона, населенного пункта. Это самая массовая группа музеев в Казахстане.

Краеведческие музеи не имеют аналогов в зарубежной

музееведческой практике. В Европе и Америке местные музеи документируют, как правило, один из аспектов жизни региона: культуру, быт, развитие экономики и хозяйственной деятельности, конкретный раздел истории [5]. На казахстанские краеведческие музеи более похожи музеи истории города (в США) или музеи истории штата.

Большую часть мемориальных музеев также можно отнести к этой категории музеев. Помимо определенных профильных изысканий «сферы интересов» лица, которому посвящен музей, мемориальные музеи документируют историю, быт страны или региона определенного времени. В этом плане мемориальные музеи могут считаться комплексными с преобладанием какого-либо конкретного профиля.

По статусу музеи можно классифицировать на следующие группы: по административно-территориальной принадлежности, по формам собственности.

По административно-территориальной принадлежности музеи могут быть национальные, центральные, республиканские, краеведческие, областные, городские, районные и сельские. В Казахстане существует Национальный музей в г. Астане, Центральный государственный музей в г. Алматы. Во всех областях страны есть краеведческие, областные музеи. К городским музеям можно отнести Городской историко-краеведческий музей города Темиртау.

По формам собственности в Казахстане существуют государственные, частные, ведомственные музеи. Большинство музеев Казахстана являются государственными. К частным музеям можно отнести Частный музей уйгурской культуры, который находится в Алматы. К ведомственным музеям относится музей Министерства внутренних дел Республики Казахстан, Национальный военно-патриотический центр Министерства обороны Республики Казахстан.

По расположению объектов и экспозиций вне помещений музеи можно классифицировать как музеи-заповедники, музеи-поселения, музеи-памятники. Один и тот же музей может быть в нескольких группах музеев. К примеру, Национальный историко-культурный и природный заповедник музей «Улытау», Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык» – это и музеи ансамблевые, и музеи-заповедники, в зависимости от того, какой параметр используется для классификации.

В последнее время музей становится объектом пристального внимания со стороны общества и государства, чему свидетельствуют количество все больше выпускающихся периодических изданий, публикаций и выставок, посвященных деятельности музеев. Значимость музеев во всем мире, в особенности, в постсоветском пространстве, повысилась из-за потребности в развитии межгосударственных,

межэтнических и межличностных исторических и культурных связей. В контексте общих для всего человечества культурных процессов требуется по-новому взглянуть на музеи и переосмыслить роль музея в современном обществе, переосмыслить выполняемые ими функции.

С возникновением новых форм музейной деятельности формируются новые направления создания музейных экспозиций, меняется и расширяется значение самого «музейного предмета». Поэтому вопросы классификации музеев всегда остаются открытыми. Требуется совершенствование классификации музеев, их профильных групп. Многие частные музеи могут не вписываться в традиционные рамки классификации, ведь творческий полет фантазии коллекционера не имеет границ.

Модернизация образования, повышение значения музея в современном обществе обусловили необходимость сделать переоценку того культурного и исторического наследия, которое накоплено человечеством за всю историю. XXI век обещает быть веком расцвета и развития музеев. Уже сегодня трудно представить себе наше образование, наш досуг без музейного компонента. В этом отношении изучение истории музейного дела позволяет увидеть механизмы функционирования социума и взаимосвязь его частей.

Литература:

1. Шулупова Э. А. Основы музееведения. – Москва, 2005. – 504 стр.
2. Алимбай Н. Пути совершенствования музейной сети страны: проблема и метод //Музей и общество. Сб. выступлений участников заседания Круглого стола. – Астана, 2006.
3. Муналбаева У.Д. Музейная педагогика. Учебное пособие. – Алматы, 2013. – 520 с.
4. Алтаев Б.Е. Музейное дело в Республике Казахстан: проблемы и перспективы. //Сборник материалов первого Международного форума музееведов в Казахстане «Музей как феномен истории и современности». – Астана. – 2011.
5. Дашкова Е.В., Ивушкина Е.Б. Музееведение. Учебное пособие. – Шахты: ГОУ ВПО «ЮРГУЭС», 2009. – 197 с.

References:

1. Shulepova Je. A. *Osnovy muzevedeniya*, *otvet. red.* – Moskva, **2005.** – 504 str. (*In Russ*)
2. Alimbaj N. *Puti sovershenstvovaniya muzejnoj seti strany: problema i metod, Muzej i obshchestvo* // Sb. vystuplenij uchastnikov zasedaniya kruglogo stola. – Astana, **2006.** (*In Russ*)
3. Munalbaeva U. D. *Muzejnaja pedagogika*. Uchebnoe posobie. - Almaty. **2013,** - 520 str. (*In Russ*)
4. Altaev B. E. *Muzejnoe delo v respublike Kazahstan: problemy i perspektivy.* // Sbornik materialov pervogo Mezhdunarodnogo foruma muzevedov v Kazahstane «Muzej kak fenomen istorii i sovremennosti». – Astana, **2011.** (*In Russ*)
5. Dashkova E. V., Ivushkina E. B. *Muzevedenie*. Uchebnoe posobie. – Shahty: GOU VPO “JuRGUJeS”, **2009.** – 197 s. (*In Russ*)

МРНТИ 16.01.11

Г.С. Айтжанова¹¹Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева
(Астана, Казахстан)Г.К. Тусупова²²Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева
(Астана, Казахстан)**ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ И ТРЕХЪЯЗЫЧИЕ КАК
ГЛАВНЫЕ СТРАТЕГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ
СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА****Аннотация**

В суверенном Казахстане есть стратегические программы, которые определяют главные направления развития страны как в политическом, так и в социокультурном направлении. В стратегиях рассмотрены различные аспекты развития социальных, политических, культурных сфер жизнедеятельности всего народа Казахстана, в том числе и сфера образования. В данной статье мы хотим раскрыть значимость перехода на латиницу казахского алфавита и его значение в современном Казахстане, в котором уже внедрено трехязычие.

Ключевые слова: государство, социально-культурное развитие, латинская графика, трехязычие

Г.С. Айтжанова¹¹Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)Г.К. Тусупова²²Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ МЕН ҮШТІЛДІЛККЕ ӨТУ ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ
РЕТІНДЕ****Аннотация**

Егеменді Қазақстанда елдің саяси ғана емес, әлеуметтік-мәдени дамуының басты бағыттарын алдын ала анықтайтын стратегиялық бағдарламалар бар. Стратегиялық бағдарламаларда Қазақстан халқының әлеуметтік, саяси, мәдени өмір сүру салалары дамуының әр түрлі қырлары қарастырылған, соның ішінде білім саласы да бар. Осы мақалада біз үштілділік енгізілген қазіргі заманғы Қазақстандағы қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуінің маңызын ашып көрсетеміз.

Кілт сөздер: мемлекет, әлеуметтік-мәдени даму, латын графикасы, үштілділік.

G.S. Aitzhanova¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Astana, Kazakhstan)

G.K. Tusupova²

²L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Astana, Kazakhstan)

TRANSITION TO LATIN LANGUAGE AND TRILINGUALISM AS THE MAIN STRATEGIC DIRECTIONS OF MODERN KAZAKHSTAN

Annotation

In our country there are strategic programs that predetermine the main directions of development of our country in both the political and socio-cultural directions. In the strategies are considered various aspects of the development of the social, political, cultural spheres of human life support of people of Kazakhstan, including the sphere of education. In this article we want to reveal the significance of the transition to the Latin alphabet of the Kazakh alphabet and its significance in modern Kazakhstan, in which triadism has already been introduced.

Key words: country, socio-cultural development, Latin graphics, trilingualism

Идею трехязычия Президент Республики Казахстан озвучил в октябре 2006 года на XII сессии Ассамблеи народа Казахстана. В послании Н.Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков»: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это казахский – государственный язык, русский – язык межнационального общения и английский – язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1, с.5].

Данное высказывание Главы государства является очень важным для всего народа Казахстана, особенно оно актуально для молодежи, которая с каждым годом стремится получить все более качественное знание как в стране, так и за ее пределами. Знание нескольких языков во все времена было преимуществом, так как оно открывает новые и безграничные возможности на пути познания мира. В настоящее время Казахстан присоединился к Болонскому процессу, и это сыграло значительную роль в развитии трехязычия в Республике Казахстан. Согласно принципам Болонской декларации в нашей стране должна реализоваться система полиязычного образования: наравне с казахским и русским языками все казахстанцы должны использовать и английский язык. Если учесть тот факт,

что целью данного международного процесса является создание конкурентоспособной системы образования в мире, то это должно стать главным политическим вектором Казахстана, который поможет Казахстану войти в ряд 30-ти самых развитых стран мира.

Уже с детского сада начинают обучать малышей казахскому, русскому и английскому одновременно. Дети в раннем возрасте очень быстро впитывают все, чему их обучают. В этом и есть главное преимущество в закладывании основы трехязычия с детства. Постепенно обучая детей английскому языку в основной школе, мы поможем нашим детям поступить в лучшие вузы мира, так как английский язык будет служить им визитной карточкой в процессе интеграции в глобальное сообщество, в международную культуру. В целом, трехязычие в качестве нынешнего социально-культурного явления развивается под влиянием следующих факторов: усиление роли социокультурного компонента, создание единого образовательного пространства, потребность в полиязычном обучении, развитие мирового информационного пространства. Отсюда вытекает и важность перехода нашей страны на латиницу. Если учитывать тот факт, что интернациональные, заимствованные ранее с английского языка слова при переходе на латиницу будут писаться более или менее приближенно к их первоначальному правописанию, то детям, изучившим латинскую графику, не составит труда освоение многих слов в английском языке, тем более, что значение некоторых заимствованных слов на казахском языке останется тождественным английским словом.

А.М.Кызырова в диссертационной работе «Процесс ассимиляции английских заимствований в казахском языке» анализирует слова-профессионализмы, перешедшие с английского языка. Приведем примеры. Деньги и связанные с деньгами понятия: *банкнот, инвестиция, депозит, бондар, пин код, банк, грин-кард, доллар, цент, шиллинг, пенс.*

Синонимы, обозначающие мужские профессии: *менеджер, босс-шеф, куратор-тьютор, бизнесмен, аудитор, жокер, промоутер* и т.д.

Выходные: *уик-энд, сейшн, фейшн, круиз, пати, шоп тур* и т.д.

Игры: *керлинг, хоккей, бокс, биллборд, боулинг, гольф, сквош, гейм, гандбол, футбол, кроссворды, аттракцион, крикет* и т.д.

Спорт: *драйвер, туризм-бодибилдинг, стайер, спринтер, байкер* и т.д.

В ходе работы с компьютером встречаются многие информационные жаргоны: *геймер, хакер, юзер, хардвер, софтвер, драйвер, провайдер, ламер, гамер* и т.д.

Письма: *майло* (письмо, отправляемое через компьютер), *сайт*, *файл*, *e-майл* и т.д.

Единицы измерения: *байт*, *мегабайт* и т.д.

Название компьютера или наименования составных частей, касательно компьютерной информации: *монитор*, *ноутбук*, *пентиум*, *лаптоп*, *кэш*, *принтер*, *декомпилятор*, *джойстик*, *факс-модем* и т.д. [2, с.12].

Внедрение латиницы поможет учителям-предметникам, которых уже начали обучать английскому языку, чтобы они могли вести свои же предметы на английском языке. Преподаватели, которые ведут физику, географию, информатику, биологию, математику, сами того не замечая, на каждом уроке используют многие термины, заимствованные с латинского и английского языков. Дети, которые владеют латиницей, будут быстро читать данные термины, и если эти термины являются к тому же интернациональными, то с легкостью будут писать как на казахском, так и на английском языке.

Слова, органически вошедшие в казахский язык, обычно обозначают общественно-политические и научные понятия и не нуждаются в подборе синонимов. Их значения в двух языках совпадают: Republic – республика, constitution – конституция, revolution – революция, democratic – демократия, culture – культура, territory – территория, mathematic – математика, geometry – геометрия, kilometre – километр, engineer – инженер, technology – технология, metal – металл, gas – газ, parallel – параллель, briefing – брифинг, gadget – гаджет, jeans – джинсы, image – имидж, casting – кастинг, cakes – кекс, clown – клоун, crossword – кроссворд, monitoring – мониторинг, know how – нау-хау, rating – рейтинг, talk show – ток-шоу, folklore – фольклор, speaker – спикер, screening – скрининг, showman – шоумен.

Также есть и другая важная сторона актуальности и значимости внедрения латиницы в казахский алфавит и трехязычия. Это наша возможность изучения наших исторических документов, трудов наших писателей, которые были написаны в прошлом на латинице. Мы знаем, что письменность на основе латинского алфавита использовалась с 1929 года по 1940 год. Есть много трудов, написанных в те периоды, которые хранятся в архивах. Если до этого времени не все могли изучить такого рода документы, исторические факты, то с внедрением латиницы и трехязычия у будущего поколения не будет сложностей при изучении материалов касательно нашей истории, культуры.

Полиязычие является очень важным и необходимым условием для развития современного многонационального Казахстана. Триединство языков – это и есть наиболее оптимальный вариант

языковой политики и развития Казахстана в условиях глобализации, главное стратегическое направление.

Таким образом, трехязычие в Казахстане будет являться свидетельством конкурентоспособности страны. Наше будущее поколение, которое будет владеть латинской графикой и тремя главными функциональными языками нашей страны, станет конкурентоспособным как внутри страны, так и за рубежом.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстан. 28 февраля 2007 года.
2. Қызырова Ә.М. Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі. Автореферат канд.дисс.:10.02.19. – Алматы, 2007. – 25 с.

References:

1. *Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.Nazarbaeva narodu Kazahstan.* 28 fevralja 2007 goda. (In Russ)
2. Qyzyrova A.M. *Agylyshyn kirme sozderinin qazaq tilindegi assumiljacija derisi.* Avtoreferat kand.diss.:10.02.19. – Almaty, 2007. – 25 s. (In Kazakh)

FTAXP 02.11.21

Б.К. Сақтаганов¹
¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация

Мақалада студенттердің креативті ойлауын дамыту мәселелері туралы шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми зерттеулері қарастырылған. Студент тұлғасының интеллектуалдық белсенділігінің деңгейлеріне сипаттама беріледі. Қазақ ұлттық хореография академиясында оқыту барысында студенттердің шығармашылық іс-әрекетпен айналысуына жағдай жасау мүмкіндіктері қарастырылады.

Кілт сөздер: *креативтілік, психология, шығармашылық, ойлау, мотивация, интеллектуалдық, когнитивтік.*

B.K. Saktaganov¹
¹Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF DEVELOPMENT OF CREATIVE THINKING OF STUDENTS OF KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY

Annotation

The article examines the research approaches of foreign and domestic psychologists to the problem of creative thinking of students. Characteristics of the levels of intellectual activation of personality are given. The possibility of creation of conditions for creative activity in the process of teaching students in the Kazakh National Academy of Choreography is considered.

Key words: *creativity, psychology, creativity, thinking, motivation, intellectual, cognitive*

Б.К. Сактаганов¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ ХОРЕОГРАФИИ

Аннотация

В статье рассматриваются исследовательские подходы зарубежных и отечественных психологов к проблеме креативного мышления студентов. Дается характеристика уровней интеллектуальной активизации личности. Рассматривается возможность создания условий для творческой деятельности в процессе обучения студентов Казахской национальной академии хореографии.

Ключевые слова: *креативность, психология, творчество, мыслить, мотивация, интеллектуальный, когнитивный.*

Қазіргі заманда шығармашыл тұлға қоғам дамуының барлық кезеңдерінде өте қажетті болып отыр. Аз ғана уақыт ішінде болатын адам өміріндегі өзгерістер, одан кез-келген өзгерістерге дайын болатын өнімді және шығармашыл қасиеттерді талап етеді. Сондықтан үнемі өзгертін жағдайларға бейімделу және оны дұрыс қабылдау үшін, адам өзінің шығармашылық қуатын белсендіруі керек. Бұл кезде оқытудың дәстүрлі қалыптасқан жүйесіне тән өнімділік пен тұлға дамуының креативті жүйесіне қоғам талабының өсуі арасындағы карама-қайшылық пайда болады.

Мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде студенттердің өзіндік оқу іс-әрекетінің үлесін көбейту арқылы жоғары білім беруді реформалауда Қазақ ұлттық хореография академиясы студенттерінің креативті ойлауын дамытуға психологиялық мүмкіндік туғызу мәселелері бүгінде ерекше өткір қойылып отыр.

Қарым-қатынасты оқыту міндеттері қатарында заманауи педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту бірте-бірте студенттердің креативті ойлауын дамытуға бағыттталып келеді. Бұл студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін белсендіруге себебін тигізетін және мүмкіндік беретін мәселелік тапсырмалары бар, оларға бағытталған оқыту үрдісінің бір формасы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Креативтілік түсінігі бұл – тура шешімдердің тосыннан пайда болуы, креативті үрдісіне оны жақтаушылар дербестіктен бас тартады. Бұндай тұғырға тағы бір дәлел когнитивтік теорияның «тума құрылымымен» аяқталады. Мысалы, Н.Хомский тілдік күзiреттілік адамдық тілдің тума құрылымында дамиды дейді және

адам интеллектісінің барлық формасы мен когнитивтік қызметі математикалық, музыкалық және арнайы интеллектіні қосу негізінде жатыр деп тұжырымдайды [1].

Креативті ойлауды дамытуға студенттің тұлғалық ерекшелігі, сондай-ақ эмоциялық және мотивациялық факторлар өз ықпалын тигізеді. Сонымен бірге қазіргі уақытта жалпы психологиялық ғылымда креативтіліктің мотивациялық сипаттамасына қатысты бірегей анықтама жасалған жоқ. Бір зерттеушілер креативті адам өз мүмкіндіктеріне сай болып, іс-әрекеттің жаңа түрлерін игере отырып, өзін жақсы жағынан жүзеге асыруға тырысады деп болжайды. Басқалары студенттің креативті қабілетінің мотивациясы тәуекелге ұмтылуға, өзінің мүмкіндігінің шегін тексеруге негізделген деп есептейді.

Ресей психологы Т.В.Галкина өз зерттеулерінде шынайы идея креативті міндеттерді шешудің бірінші кезеңінде емес, оларды шешу барысында келеді деген шешімді бекітті. Олар шығармашылық қабілет қалыптасуы тиіс, содан кейін барып ол өзін көрсетуге мүмкіндік алатынын дәлелдеді. Сөйлеу-ойлау креативтілігін ынталандыру студентте шығармашылық шынайы жауап құру жолымен жасалуы мүмкін және бұл төмен креативті адамдардың өнімділігіне үлкен дәрежеде ықпалын тигізеді [2, 56-58 б.].

Ресей психологтары мен педагогтарының жүйелік-бағытталушылық зерттеулерінде шығармашылық іс-әрекет креативті парадигмалар жүйесінің жеке тұлғалық, реттеушілік-қатынастық және нәтижелік талдауында анық және кәсіби ашылатыны туралы қорытындыны кездестіруге болады.

Мысалы, Б.Ф.Ломов психикалық құбылыстар жүйесі көп деңгейлі және иерархиялық түрде құрылады деп ұсынады. Ол әртүрлі қызметтік қасиеттері бар бірқатар жүйелерді құрайды. Олардың ішінде үш негізгі өзара байланысты жүйе: таным қызметі жүзеге асатын когнитивті; іс-әрекет пен мінез-құлықты реттеуді қамтамасыз ететін реттеушілік; адамның басқа адамдармен қатынас үрдісін қалыптастыратын және жүзеге асыратын қарым-қатынастықты бөліп көрсетеді [3, 106 б.].

Оқытушы іс-әрекеті студенттердің креативті ойлауын дамытуға мәнді ықпал етеді, өйткені ақырғы нәтижеде білімде және дара шеберлікте дамушы нәтижені қамтамасыз ете алмайды, ал олардың жүзеге асуы жеке тұлға қабілеттерінің дамуында. Бұл креативті ойлаудың құндылығын тану, қоршағандардың ынтасына оқушы сезімталдығын дамыту, нысандар мен идеяларға еркін кірісу, креативті үрдіс туралы нақты ақпарат беру шеберлігі, сынилықты дамыту, бірақ сыншылдықты емес, өзін-өзі құрметтеуді марапаттау,

бағалау алдындағы қорқынышты жою және т.б. болып табылады.

Ғалымдар оқытушы іс-әрекетінде студенттердің креативті қабілеттерінің дамуына теріс ықпал ететін факторларды: конформизмге мәжбүрлеу, беделділік құрылым және беделді орта, оқытушы бірбеткейлігі, мазақ ету мен күлудің пайда болуы, қатаң бағалау, жетістікке бағытталу, дивергентті ойлауы дамыған жеке тұлғаға өшпенділік деп бөледі.

Өзінің эксперименттік жұмыстарында Д.Б.Богоявленская шығармашылықтың бірегейлігін көрсетеді. Оның пікірінше, бұл бірегейлік олардың бірлігінде шығармашылықты тұлғаның танымдық және мотивациялық сипаттамасы арқылы көрінетін интеллектуалдық белсенділік болып табылады. Ол тұлғаның интеллектуалдық белсенділігінің үш деңгейін: стимулдық-өнімділікті, эвристикалық және креативті бөліп көрсетеді [4, 96 б.].

Стимулдық-өнімділікті немесе енжар деңгей. Бұл деңгейдің интеллектуалдық белсенді өкілдері, қызу және ерікті жұмыс жасай отырып, бірақ алғашқы табылған әрекет тәсілі диапазонында қалады. Олардың іс-әрекетінде бастамашылық болмайды. Ол әр кезде қайта бастайды.

Эвристикалық деңгей. Интеллектуалдық белсенділіктің аталған деңгейі бар оқушылар сыртқы факторлардың ыңғайланбауы, қанағаттанбау ретінде іс-әрекет нәтижесін субъективті бағаланбай-ақ интеллектуалдық бастаманың сол және басқа деңгейінде пайда болуымен сипатталады. Интеллектуалдық белсенділіктің дамуының бұндай деңгейін игергендер өз іс-әрекетінің құрамы мен құрылымын талдауға, міндеттерді салыстыруға қабілетті, және бұл шешімнің жаңа шынайы тәсілдерін ашуға әкеледі. «Жаңашыл» әрбір жаңа заңдылықты шығармашылық олжа ретінде жаңалық деп бағалайды. Бұл – объектіге тереңдеп ену арқылы, одан жаңа бірнәрсе алуға тырысуға мүмкіндік беретін логикалық талдаудың өнімі.

Интеллектуалдық белсенділіктің креативті деңгейі. Креативті деңгейі бар студенттерге эмпирикалық табылған заңдылықтар ойлау үрдісінің соңғы бекеті емес, ары қарай зерттеуге өзіндік мақсат болып табылады. Бұл шығармашылықтың маңызды факторы болып түсіндіріледі және көбінесе сезімталдыққа тест жүргізу арқылы анықталады. Бұндай студенттер оларды ешкім мәжбүрлемесе де мәселеге терең еруге тырысады. Ол таным нысанын, дәлелдер табиғатын түсіндіретін және құбылыстың себебін түсінуге тырысатын теорияға дейін жеткізеді. Бұл кезде студенттің берілген жағдайдың шеңберінен шығуына кедергі келтіретін психологиялық тосқауыл бұзылады. Бұл жағдайда бірқатар жағдайларды міндетті салыстырудың қажеттілігі жоқ және бір ғана мәселені шешумен

шектелуі мүмкін, бірақ бұл үшін феномен дәлелін табу қажет.

Креативті студент қарқынды ақыл-ой іс-әрекетін игерген, ал интеллектуалдық белсенділіктің эвристикалық және стимулдық-өнімділік деңгейінің өкілдері экстенсивті ақыл-ой іс-әрекетімен сипатталады. Әрбір өкілдің сипаттық ерекшеліктері оның қойылған міндетке бағытталуы болып табылады. Сонымен, стимулдық-өнімділік деңгейі бар адамдар берілген тапсырманың шеңберінде жұмыс ырғағын өсіреді және кеңейтілген масштабта өзінің іс-әрекетін механикалық түрде жасайды, жаңашыл мәселені шешудің барлық жаңа тәсілдерін қолданады, ал креативті адам феноменнің теориялық түсінігін таба отырып, нәрсені терең және тереңірек зерттейді.

Әлеуеттік креативтілік – бұл шығармашылықтың субъективтік шарты.

Өзекті креативтілік – сәйкес іс-әрекет түріне шығармашылық белсенділіктің пайда болуы үшін оны атқарушының өзекті, тікелей дайындығын қалыптастыратын сол немесе басқа іс-әрекет түріне сипатталатын әлеуетті креативті адамның жеке сипаттамасының өзара әрекетінің туындауы; өзекті креативтілік – жеткілікті дәрежедегі шығармашылықтың субъективтік шарты.

Әлеуеттік креативтілік – бұны мүмкіндігінше креативтілік ретінде сипаттауға болады. Мүмкіндігінше креативті шынайы креативтілік - өзекті креативтілік болуы үшін, ең алдымен нақты іс-әрекет түрін атқарушыға оны қосымша игеру күші қайта жасалуы тиіс. Бірақ барлық студенттер жананы бірдей қабылдамайды және түсінбейді.

Кейбір шетел зерттеушілері жаңа нәрсені қабылдауға байланысты креативті қабілеті бар нақты адамдар категориясын бөледі. Мысалы, Е.Роджерс (1962ж.) барлық континиумды бес негізгі категорияға: 1) жаңашылдар, 2) ерте жүзеге асырушылар, 3) ерте көпшілік, 4) кеш көпшілік, 5) тербелушілер деп бөлді [5].

Жаңашылдарға авантюрлық рухы бар; тәуекелге бейім; олар кез-келген жаңа нәрсені қолдануға дайын; олар кез-келген байланыстан жаңаны шығаруға тырысатын студенттерді жатқызуға болады. Авантюрлық табиғаты бар олар ЖОО-ның болашақ жаңалығы үшін шешуші фактор болуы мүмкін. Бұндай студенттер шығармашылық жобалармен жұмыс жасай отырып, қойылған міндеттің басқалай ең тиімді жолдарын көрсетеді.

Ерте жүзеге асырушылар – бұл жаңаша бағыттағы, пікірдегі «көшбасшылар», оларға басқалар үнемі кеңестер және ақыл сұрау үшін келеді. Бұл топтың өкілдері барлық өз әрекеттерін ойластырады, сондықтан саналы жүзеге асырушылар ретінде бағаланады.

Ерте көпшілікті сипаттай отырып, бұл топтың өкілдері

бірінші топпен еркін араласады, бірақ көшбасшы рөлінде анда-санда ғана көрінеді. Оларға шешім қабылдау үшін көп уақыт керек, оларды «орташа» орын қанағаттандырады, бірақ та олар креативті іс-әрекет үрдісінде басқаларды бақылап отырады.

Кеш көпшілікті мінез сипаты бойынша скептиктер болып табылатын студенттер құрайды. Олар креативті іс-әрекетке және олардың қажеттіліктеріне сай болса немесе әлеуметтік ортаның қысымымен және көпшіліктің пікірі күшті құпталса, жаңаны қолдануға дайын.

Тербелуші – бұл топтың өкілдері өздерінің консервативтілігімен ерекшеленеді, жаңаны қабылдамайды, ескіні құптайды, басқаша шешім қабылдауға күдіктенеді, оларға дәстүрлі міндеттер ұнайды.

Біздің зерттеуіміздің міндеттерін шешу бағыты бойынша аталған типтер студенттердің креативті ойлау үрдістерін талдауға қолайлы, бірақ та психологиялық-педагогикалық пәндерден сабақ оқу барысында студенттер тек қана жаңа ғана емес, басқа пәндер бойынша белгілі материалдарды кездестіреді, сондықтан оларға өз білімдерін бір саладан екінші салаға ауыстыруға тура келеді. Бұндай шеберлікті студенттерді топтарға жіктегенде ескеру керек.

Хореография академиясы тәжірибесі көрсеткендей, студенттердің креативті ойлауын дамытудың маңызды шарты оларды оқыту барысында шығармашылық жағдайлар туғызу болып табылады, тек сол кезде ғана әралуан түрдегі оқу іс-әрекетіне қабілеттілік пайда болу мүмкіндігі туады. Сонымен бірге әрбір адамның жалпы іске деген үлесінің маңыздылығын, кішіпейілділігін марапаттау, қызығушылығын дамыту, мотивациясын жоғарылатуды ескеру керек, пікірі мен әрекетінің еркіндігі қажет. Бұл оқыту жүйесінде бар, статикалық түрде қойылған, шеңберден шығып кететін бір нәрсені айтуға және жасауға деген қорқыныш сезімін төмендетуге мүмкіндік береді.

Аталғандардың қатарында студенттердің креативті ойлауын дамытуға оң ықпал ететін шарттар да бар. Бұған қатыстылар креативті ойлау құндылығын тану, қоршаған ортаға студенттердің жағымды сезімдерін дамыту, нысандар мен идеяларды еркін қолдану, креативті үрдіс туралы нақты ақпарат беру шеберлігі, өзін-өзі құрметтеуді мадақтау, бағалау алдында қорқыныш сезімін жеңу және т.б.

Өз кезегінде психология пәндері бойынша сабақтарда студенттердің креативті ойлауын дамытуға *кедергі келтіретін шарттарды* да ескеруіміз керек. Бұған жататындар: конформизм, цензура, ригидтілік (ескі білімдерді пайдалануға ұмтылыс), одан қайта жасалушылықты шынайы талап ететін, іс-әрекет жағдайында берілген бағдарламаны өзгертудегі қиыншылық (толық қабілетсіздікке

дейін), қандай жағдай болса да жетістікке жетуге ұмтылыс, тез жауап табуға тырысу, беделділіктің алдында кішірею және т.б. Бұндай атмосферадағы сабақта студенттерде қате жасап қоям ба деген қорқыныштың пайда болуы және өз пікірін айта алмау тосқауылын жеңудің қиыншылықтары болуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қазақ ұлттық хореография академиясында болашақ мамандарды дайындау кезінде студенттердің креативті ойлауын дамыту қажет деп сеніммен айтуға болады. Бұны тек қана арнайы пәндерде ғана емес, басқа пәндерді қоса отырып, оның ішінде педагогикалық-психологиялық пәндерден дәріс өткізгенде жасау керек.

Әдебиеттер:

1. Хомский Н. Синтаксически структуры // Новое в лингвистике. – Москва. – 1962. Вып. II. – С. 412—527.
2. Развитие и диагностика способностей / [Л. Г. Алексеева, А. Н. Воронин, Т. В. Галкина и др.; Отв. ред. В. Н. Дружинин, В. Д. Шадриков]; АН СССР, Ин-т психологии. – Москва: Наука, 1991. – 177 стр.
3. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. – Москва, 1984. – 123 стр.
4. Богоявленская Д.Б. Пути к творчеству. Новое в жизни, науке, технике. Сер. «Педагогика и психология». – Москва: Знание, 1981. – №10. – С.91-102.
5. Rogers C.R. Towards a theory of creativity. In Vernon P.E. (ed.). “Creativity”, 1972. – 325 p.

References:

1. Homskij N. *Sintaksicheski struktury* // *Novoe v lingvistike*. – Moskva. – 1957. – S. 412-527. (*In Russ.*)
2. *Razvitie i diagnostika sposobnostej* / [L. G. Alekseeva, A. N. Voronin, T. V. Galkina i dr.; Отв. ред. V. N. Druzhinin, V. D. Shadrikov]; AN SSSR, In-t psihologii. – Moskva: Nauka, 1991. – 177 str. (*In Russ.*)
3. Lomov B.F. *Metodologicheskie i teoreticheskie problemy psihologii*. – Moskva, 1984. – 123 str. (*In Russ.*)
4. Bogojavlenskaja D.B. *Puti k tvorchestvu. Novoe v zhizni, nauke, tehnikе*. Ser. «Pedagogika i psihologija». – Moskva: Znanie, 1981. – №10. – S.91-102. (*In Russ.*)
5. Rogers C.R. *Towards a theory of creativity*. In Vernon P.E. (ed.). “Creativity”, 1972. – 325 p. (*In Engl.*)

Р.К. Досжан¹

*¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)*

«ҚАРА СӨЗДЕР» – АДАМГЕРШІЛІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Аннотация

Мақалада Абай поэзиясының қайталанбас қырлары мен Абай жырларына гана тән өзіндік ерекшеліктері жан-жақты ашылады. Оның «Қара сөздерінде» сөз өнерінің сұлулығы, көңіл толқынының тереңдігі мен пәлсапалық көзқарастар синтезделеді. Абайдың шығармашылық және рухани мұрасынан қазіргі заманның әрбір оқырманы өзін толғандырған сұрақтарының әлеуметтік шындыққа негізделген жауаптарын таба алады.

***Кілт сөздер:** ғылым, білім, қоғам, ойшыл, философия, ағартушылық, өркениет, мәдениет.*

R.K. Doszhan¹

*¹Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)*

«WORDS OF EDIFICATION» – PHILOSOPHY OF HUMANISM

Annotation

The given article shows the peculiarities, unique traits and individuality of Abai's poetry. The beauty of words, the depth of soul emotions and philosophic perception of the world are synthesized in his "Book of words". Any contemporary reader can find answers to many painful social questions in the poet's spiritual and creative heritage.

***Key words:** science, knowledge, society, thinker, philosophy, enlightenment, civilization, culture.*

Р.К. Досжан¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

«СЛОВА НАЗИДАНИЯ» – ФИЛОСОФИЯ ГУМАНИЗМА

Аннотация

В данной статье раскрываются особенности, неповторимые черты и собственное лицо поэтики Абая. В его «Словах назидания» синтезированы красота слов, глубина душевного волнения и философское мировосприятие. Современный читатель находит в его духовном и творческом наследии ответы на многие наиболее важные вопросы социальной реальности.

***Ключевые слова:** наука, знание, общество, мыслитель, философия, просветительство, цивилизация, культура.*

Ұлы ойшыл ақын, философ, гуманист, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай (Ибраһим) Құнанбаев мәдениет тарихы мен қазақ халқының тағдырында ерекше орын алады.

Абайдың философиялық көзқарастары қазақ мәдениетінің оқу басылымдарының, орыс және шығыс классикалық әдебиетінің үздік үлгілерінің, сонымен қатар саяси жер аударылған орыстар арқылы таралған озық революциялық ойлардың ықпалымен қалыптасқан.

Абай дүниетанымына көп әсер еткен, әсіресе, орыс демократ революционерлері – Герцен, Белинский, Чернышевский және Добролюбов болды. Өз өмірлерінде қазақ халқының ұлы орыс халқымен тығыз байланыс орнату үшін күрескен қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов және Ыбырай Алтынсаринмен ақынның табиғи идеялық байланысы да маңызды мағынаға ие болды. Ақынның философиялық көзқарастарының қалыптасуына, бір жағынан, діни мектепте жеткіншек Абайдың санасына құйылған араб тәңірлік-схоластикалық ілімі, екінші жағынан, көне грек философтарының (әсіресе Сократ пен Аристотельдің) және батыс еуропалық философтар Спиноза, Спенсер, Миллдің философиялық көзқарастары, сонымен қатар Абай меңгерген Дарвиннің эволюциялық ілімі де әсер етпей қоймады.

Ақын өзінің философиялық идеяларын көптеген туындыларда, әсіресе «Ғақылияда» (Нақыл сөздер) көрсетеді. Терең философиялық танымдық қасиет, гуманизм және ағартушылық Абайдың әдеби шығармашылығының негізгі ерекшелігі болып табылады.

«Қара сөздер» немесе «Сөздер кітабы» 45 қысқа өсиет әңгіме мен философиялық трактаттардан тұрады. Бұл прозалық поэмада ұлттық тәрбие, дүниетаным, адамгершілік пен құқық және қазақ тарихының мәселелері көтеріледі. Абай «Қара сөздерді» биліктің арбауы мен өмір ауыртпалықтарының, халықтың мойынсынуы мен жақындарын жоғалтудың не екенін білген шақта жазған. Олар әрбір жаңа қолжазба кітаптарға жазылу жолдарымен таралған. Ақын дүние салғаннан кейін (1904) «Сөздердің» кейбірлері 1918 жылы «Абай» журналының беттерінде жарияланды.

М. Әуезов Абайдың прозалық үндеуінде тыңдармандарына ашулы төреші немесе халық мұндасы ретінде бет бұрса да, оның «Сөздері» саңлаусыз қараңғылықтың үстемдік ғасырындағы жалғыздыққа душар болған адамның мұнды тәубешілігіне айналатынын әділ атап өтеді. Ол «ашулы төреші» ретінде кемістіктерді, қоғамдағы қастық пен әділетсіздікті әшкерелесе, «халық мұндасы» ретінде, ақынның айтуы бойынша, халықты қорлыққа түсірген артта қалғандық пен қараңғылық, ұрыс-талас пен керісті айтып қынжылады. Өз шығармашылығында Абай прогресс пен ағартушылыққа кедергі

жасайтын, халыққа зиян келтіретіннің барлығын ерекшелеп, айыптай отыра өз сөздеріндегі ықпалдың күшіне сенді. Алайда, шындық ақынды түңілдіре беруімен үміт қалдырмады. Абайдың философиялық-поэзиялық сөздері ағартушылық қоғамдық идеал үшін күрестің өзінше бір формасы болды.

Абайдың «Қара сөздері» көлемі мен сипаты жағынан бірдей емес, әртүрлі. Құдайдың адамды қандай жоғары сапалармен үлестіргені және құдайдың махаббатына лайық болғаны үшін құдайдың «мәңгілік қарыздары» болғаны туралы тақырыбында Сократ пен оның оқушысы Аристодемнің диалогы формасында жазылған «Жиырма жетінші сөзі» біршама ерекшеленеді. Сонымен қатар «Отыз жетінші сөзі» де біраз жекеленеді. Ол әңгіменің негізгі тақырыбымен тікелей байланысы жоқ жиырма үш нақыл сөзден тұрады.

Көлемі және тақырыбы жағынан, сонымен қатар стилі бойынша басқа сөздерден ерекшеленетін осы екі сөзді шартты түрде ерекшелесек, қалған сөздерді бірнеше негізгі тақырыптар төңірегінде топтастыруға болады. Біріншісі – бұл қоғамдық қатар мен басшылық басқарма туралы «Сөздер». Ол сөздерде басқа да тақырыптар қозғалады. Бірақ негізгі тақырып ретінде басқару формасымен байланысты ойлар саналады. Абай өмірінің тұсында XIX ғасырдың екінші жартысында барлық қазақ даласында үш жылға сайланатын болыстық әкімшіліктердің институттары құрылды. Поэзиядағыдай Абай өзінің әңгіме-пікірлерінің көп жерлерінде, әсіресе жоғарыда аталған «Сөздерде» халықтың мойнына мінген болыстық әкімдер мен билер туралы жек көрушілікпен айтады. «Ақыл кеңесті кім қабылдайды? Өсиетті кім тыңдайды? Мені болыстық әкім де, би де естімейді... Олар өз қамдарын ойлаумен әлек: бастықтардың алдында кінәлі болып қалмау, ауылға әртүрлі бұзақыларды кіргізбеу». «Жиырма екінші сөзінде»: «Болыстық үлкендер мен билерді сыйласам ба екем? – деп жазады ақын, - Бірақ әділ билер мен әкімдер жоқ қой. Ал орындарын сатып алған билер мен әкімдердің өздеріне сыйластықты талап етуге негіздемелері жоқ» [1]. Абай «биліктегілерге» иілмей ғана қоймай, өтірік, жалғандық және өсек таратқан, ұрыс-керіс тудырған, паракорлық, ұрлық, пара беру және жағымпаздықты өрістеткен зұлымдықтары мен алаяқтықтарын жан-жақты әшкерелеген.

Болыстық және би-төрелік басқарма жүйесін жақсарту мақсатында оған дейін Шоқан Уәлиханов ұсынғандай, Абай болыстық әкімдер мен билерді сайлаудың өз реформасын ұсынады. Ол болыстық әкімнің орыс тілінде білім алған, халық арқылы ұзақ уақытқа сайланған, халық қызығушылықтарын қорғайтын, пайдалы еңбекті, кәсіпті, ағартушылықты қолдайтын адам болуын қалады.

Осыған орай ол патша үкіметі арқылы белгіленген төрешілер мен билердің туысқандық ізбасарларын сайлау ережесін өзгертуді жөн көрді. Себебі, билер даулар мен тартыстарды әділ жолмен шеше алмайды, олардың орнына Герценнің «Былой и думы» еңбегінде ұсынылған, тергеу жұмыстарын халықтың көз алдында жүргізетін аралық төрешілер институтын ұйымдастыруды ұсынды. Мұхтар Әуезов Абайдың демократиялық ағартушылық көзқарасын көрсететін ұсынылған прогрессивті реформасына көңіл бөле отыра, оған дейін Шоқан Уәлиханов сияқты Абайдың төрешілерді өмір бойғы мерзімге сайлауды ұсынудағы елеулі кемшіліктерін ерекшелейді. Бұған екі қазақ қайраткерлерінің ағартушылық-демократиялық көзқарастарының тарихи шектігі әсер етті [2].

Прозалық «Сөздердің» келесі тақырыптық тобы Абайдың оқу, білім, тәрбие туралы уағыздары мен ойларынан тұрады. Бұл ақынның барлығынан да ең толғандырушы мәселелерінің бірі. Өңгіме барлық жерде қазақ халқының экономикалық өмірде, білімде, ғылым мен мәдениетте артта қалғандығы жөнінде болады. Бұған ақын патша шенеуніктерін, болыстық әкімдерді, байлар мен билерді, сонымен қатар солардың алдында жорғалаушылар мен жағынушы ақымақтарды кінәлайды. «Саңлаусыз қараңғыда халықты не ұстап тұр, прогресспен ағартушылықты не нәрсе тежейді?» - осыны айта келе Абай басқа халықтармен тең болу үшін қазақтарға ғылым мен мәдениетті енгізудің қажеттілігін дәлелдеумен болды.

Абай білім мен ғылымға жоғары дәрежелі мағына берді. Ол балаларын оқытуға мүмкіндігі бола тұра, байлығын бекерге шашып, оларды оқытпайтын немесе дұрыс нәрсеге үйретпейтін ата-аналарды сөгеді. «Бірақ мен жауыздықпен байып, өзінің дәулетіне пайдалы қолданыс тапқан адамдарды кездестірмейтін». Осындай өткір әшкереленген сын келесідей қорытындыланады: «Ғылымсыз осы дүниеде де, о дүниеде де игілік жоқ». Балаларда жақсы адам қасиеттерін тәрбиелеуді де Абай білім және ғылыммен байланыстырады. Соңғы «Қырық бесінші сөзі» де мына сөздермен аяқталады: «Бұл ғадаләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі - ғалым, сол - ғақил».

Тәлімгер Абайдың ойында әрдайым балаларды оқыту, оларда адамның ең жақсы қасиеттерін тәрбелеу туралы ойлар болды. Бұл ойлар оның барлық дерлік «Сөздерінде» бар. Өз халқының тағдырын ойлай келе әрі үмітін осы балаларға артады. «Қырық бірінші сөзінде»: «Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да ең болмаса

мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді», - дейді [3].

Ағартушы Абай тәрбиесінің күшіне берік сене отырып, оқырмандарының әрбіреуіне өз қателіктері мен балаларының қателіктерін дұрыстауға шақырады. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деп «Отыз жетінші сөзінде» жазды.

Ұнамсыз келбеттер мен адам мінезінің жағымсыз жақтарын жеңу мақсатында аяусыз өткір сыны Абайдың негізгі міндеттерінің бірі еді.

Поэзиядағыдай Абай прозасында еңбек тақырыбы да еңселі орын алады. Замандастарының көптеген кемістіктері сынға алынып, келемежделді де. Бұл жөнінде Абай «Қырық екінші және қырық үшінші сөздерінде» жазған: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі - жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?» [4]. Әрі қарай автор осы жалқаулықтың көрінісін және оның нәтижесін суреттейді. Ол өз сөзінде – «Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме?» - деп есептейді. Осы себепті Абай адал еңбек етуге, шаруашылық жүргізуге, кәсіпке ие болуға, егін шаруашылығымен, мал өсірумен айналысуға және т.б. шақырады.

Абай еңбектің өмірдегі және адамзаттың тарихи дамуындағы маңызды рөлін философиялық тұрғыда ұғынады. Экономика және мәдениет саласындағы прогресс, жеміс, жетістіктердің себебін адам, халық және отан үшін жасалған адал еңбектен көреді. «Қырық үшінші сөзінде»: «Ақыл мен білім - еңбектің жемісі», - деп жазған. Алайда, бұл жерде де қазақ ойшылының ағартушылық-демократиялық көзқарастарының шектеулігі еңбектің таптық сипатын түсінуге жол бермеді.

Сонымен қатар Абай өз замандастарын қоғам мүддесіне жат және өнегесіз қылықтары үшін қамшылай отырып, ізгі кеңестер мен өсиеттерді тындамай ғана қоймай, өздері опасыздық туындататын жергілікті болыстық басшылар мен билерді, және де «малға барлығын сатып алуға болады», «олар үшін намыс, абырой, ақыл, ғылым, сенім, халық – малдан қымбат емес» деп санайтын байларды кінәлайды.

Абайдың қоғамдық әдеби қызметі буржуазиялық экономиканың ықпалымен феодалды-патриархалдық ыдыраудың басталуы кезінде,

патша отаршылығының ауыр жағдайында, адат және шариат діни тартуларының күшті әсері уақытында, ұлттық бытыраңқылық пен көшпенді тұрмыс кешкен қазақ халқының сауаттылық дәрежесінің төмен кезінде өтті.

Абай зорлықты, қанаушылықты, туыстық өзара тартысты әбден сөкті, мәдени мешеулікпен күресіп, халықты ағартушылыққа шақырды. Абай өзінің шығармашылығымен қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуы мен дамуына жәрдем жасады. Революциялық орыс демократтарына ұмтылған, бірақ қазақ қоғамының шарттарымен шектелген Абай, революциялық өзгеріс қажеттілігін жете түсіне алмады. Ағартушылық идеалдардың жақтаушысы жаңа өмірге бір ғана жол – білім деп санап, білімнің рөлін асыра бағалап дәріптейді.

Атеист болмаған Абай адамдарды өзін-өзі адами жоғары сатыға көтеруге, рухани толық жетілдіруге шақырды, салтты жақсарту үшін күресті. Алайда Абай діни қатаң қағиданы беріліп ұстанбаған, ол діннен рухани-этикалық сұрақтарға жауап іздеді, бірақ, әрине, таба алмады.

Абайдың кезіндегі кейбір бағалы және заңды рухани ғибраттар қазіргі заманда өзектілігін жоғалтқан, олар тек тарихи құжат ретінде ғана қарастырыла алады.

Абайдың прозалық нақыл сөздері мен өсиеттерінің бес басты тақырыптарының бірі дінмен байланысты. Өзінің философиялық дүниетанымы бойынша идеалист болған Абай, нақыл сөздерінде «кейде исламның адамгершілікке қатысты қатаң қағидаларына жүгінеді. Ол ислам апологетіне идеалистикалық адамгершілік тынысында түсіндіреді» (М. Әуезов). Бірақ оның исламға қызмет етушілерге, яғни молдаларға, хазреттерге, ишандарға деген көзқарасы әрдайым сыни және келекелі болды.

Оған қоса, Абай құдайдың барын растайтын дәлелдемелер келтіре алмады. Оның дәлелдемелерінде барша адамдар мен әртүрлі діндер құдайдың барына, оның бары адам жүрегімен сезіледі, және табиғаттағы болып жатқан тіршіліктің барлығымен расталатынына келіседі.

Ақынның мұндай ойлары жабырқаған қараңғы халықтың психологиясын ғана бейнелемей, өзінің де әлем мен жердегі тіршіліктің пайда болуының материалистік теориясымен жеткілікті қаруланбағанын айтады.

Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарастарының талдауы өзінің табиғатты кездейсоқ жекеленген және бір-бірімен байланыспайтын заттардың жинағы ретінде, тыныштық пен қимылсыздық, тоқырау мен тұрақтылық жағдайы ретінде қарастырылатын метафизикаға қарама-қарсы ойлаудың

диалектикалық әдісі тұғырында тұрғанын көрсетеді.

Абай табиғат құбылысын тұрақты қозғалыс пен дамудағы өзара байланыста және тәуелділікте қарастырады. Дамудың тек эволюциялық жолын мойындайтын метафизика дамуды қарапайым өсуі, осы күнгі белгілердің көбеюі ретінде қарастырады, сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге өтуін, өздігінен дамуға себепші болатын сыртқы әлемдегі құбылыстар мен заттардағы ішкі қайшылықтардың болуын теріске шығарады, дамуды тұйық шеңбер арқылы жылжитын қозғалыс, қарапайым қайталану ретінде қарастырады.

Осындай көзқарастарға қарсы өзінің аңқау диалектикалық ойларымен сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге өтуі кезінде, даму тек сыртқы факторлар арқылы ғана қамтамасыз етілмей, заттар мен құбылыстарда қайшылықтарға толған ішкі факторлармен де себепші болған кезінде Абай даму диалектикасының түсінігіне дейін жетеді.

Оған қоса Абайдың табиғаттың дамуына аңқау диалектикалық көзқарасы өмір тәжірибесінен үзілген жалпы теоретикалық пікір емес. Ол дамуды идеалистер сияқты тек абстрактілі түсініктерде ғана көрмейді, табиғаттың өзінен, күнделікті өмірдегі заттар мен құбылыстардан көреді.

Абай табиғатта тыным жоқ екенін көрсетеді, барлық нәрсе әрдайым қозғалыс пен дамуда болады. «Ғақылияда»: «... әлем бір жерде тұрмайды»; «дәуір, экономика және адам өзгереді, олардың сипаты да өзгереді», - деп жазған [4].

Халқының қанаудағы жағдайы мен кедейлігін ажырата отырып, Абай бар ащы сынды халықтың мойнында отырғандарға бағыттайды. Ол кедей, еңбекқор халық туралы әрдайым жанашырлықпен және махаббатпен жазады. «Егер жақсы көрмесем жерлестеріммен әңгімелеспес едім, кеңес бермес едім, өзімнің асыл ойларыммен бөліспес едім», - деп ақынның өзі мойындайды. Сонымен қатар ол бір мезетте туған халқының озықтардан «ұлы мақсаттарға», «ортақ шындыққа» үйренуі үшін, басқа халықтармен шын достастық үшін де тырысады. Интернационализм мен гуманизм тұғырынан Абай: «Егер өзін халықтан бөлмейтін адам өз халқының басқалармен достастығын қалайтын болса, бұл оның саналы және адал адам екенін білдіреді», - деп жазды.

«Қара сөздер» жүз және екі жүз жылдан кейін де оқылады. Тым болмаса Абайдың көрсеткен жолы бойынша қаншалықты алысқа барғанын, оның белгілеген мақсатына қаншалықты жақындағанын, ұлы рухани тәлімгердің жолын қуушылары аталуға лайық па екенін түсіну үшін оқиды. «Қара сөздердің» көркем және тура тілі ғажап

стилистикалық әшекей, ақынның адалдығы мен адамгершілігі, оның жоғары ұмтылысы мен күдіретті ақылы бұл кітапты адамзаттың дарынды әдеби мұраларының қатарына қояды.

Әдебиеттер:

Жоғарыда айтылған пікірлерді ескере келіп, кемеңгер жазушымыз М.Әуезов шығармашылығының қазіргі таңда да театрлардың репертуарынан маңызды орын алып отырғанын байқадық. Классик драматургіміздің пьесаларына деген режиссерлердің қызығушылығы оларды жаңа сахналық ізденістерге жетелеп жүр. Болашақта да М.Әуезовтің шығармалары қазақ

театр өнерінің дамуына мол үлесін қосары даусыз. Сөз соңында, М.Әуезовтің режиссерлер назарынан тыс қалып жүрген «Тас түлек», «Бәйбіше –тоқал», «Алуа», «Хан Кене» пьесаларына қайыра бір назар салуына ұсыныс жасаймыз. Сонымен қатар М.Әуезов драматургиясын әлемдік аренаға шығуы үшін жазушының «Еңлік – Кебек», «Қарагөз», «Айман – Шолпан» пьесаларын ағылшын тіліне аударуды да жүзеге асыру аса маңызды.

Қорыта айтқанда, М.Әуезовтің әдеби бай мұрасы әлі де талай-талай театрлық ізденістердің өзегі болады деп сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы: Ғылым, 1997. – 248 б.
2. Ғабассов Р. «Айман – Шолпан» музыкалық комедиясының жаңа қойылымында қазіргі заманның бейнелері сомдалады // http://www.inform.kz/ru/ayman-sholpan-muzykalyk-komediya-synyn-zhana-koyulymynda-kazirgi-zamannyn-beyneleri-somdalady_a2322470
3. Ахмет Ө. Жібектей «Жібек», адасқан Айман, шатысқан Шолпан // Театр.kz. № 6, 2013.

Бақыт ТҰРМАҒАМБЕТОВА

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІБИ МУЗЫКАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ
МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ОРНЫ**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада біртуар жазушы-драматург Мұхтар Әуезовтің 1930-60 жылдарда асқан білімділікпен, көрегенділікпен айтқан ой-пікірлерінің қазақтың театр, опера, күй өнерінде және әншілік дәстүрінде кейіннен жаңашылдық сипатта жүзеге асқан тұстары туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

Содержание статьи строится на весьма ценных высказываниях писателя и драматурга Мухтара Ауэзова в 1930-60-е годы о казахском театре, опере, искусстве кюя и традиционном исполнительстве, которые в настоящее время оказались пророческими и нашли свое подтверждение.

Мұхтар Әуезовтің есімі бізге қазақ әдебиетімен ғана емес, өткен ғасырдың 30-шы жылдарда жаңа арнада бағыт алып, қалыптасқан Қазақстанның жазба кәсіби музыка мәдениетімен тығыз байланыстылығымен де жақсы таныс. Сол кезеңдегі мерзімді баспасөз беттеріне үңілгенде бірегей тұлғаның жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ театрына, ұлт аспаптар оркестріне, әндер мен күйлердің жиналып, жазылудағы алға қойылған міндеттеріне, актерлер мен әншілердің, күйшілердің, композиторлардың, бір сөзбен айтқанда, мәдениетке қатысты маман иелерінің барлығының іс-әрекетіне, болашақта қандай жолмен жүруі тиіс, қандай бағытта ізденіс жасауы қажет, бәрі-бәріне өзінің жоғары талғамымен баға беріп, сыни пікірлерін жазып, қоғамдағы әр қалт еткен құбылысқа азаматтық үнін дер кезінде қосып отырғандығының куәсі боламыз.

М.Әуезов музыканы сүйді, естеліктерде оның қоңыр даусымен халқының әндерін орындағандығы жөнінде жазылған. Ол халықтық музыка жанрларын нәзік түсініп, қай жанрда қандай еуропа музыкасының бастау алар қайнарлары жатқандығы, ғұрыптық әндер, лирикалық әндер, терме табиғаты немесе сыбызғы, қобыз, домбыра күйлерінің қайта жандандыру, оларды оркестрге бейімдеу немесе айтыс өнері, жар-жар мен сыңсу, беташар секілді сахналық өнерге бейім элементтері бар музыка түрлерінің мүмкіндігі туралы да дөп басып айтты.

Оның айналасында заманындағы майталман өнер иелерінің тобы болды. Әуезов олармен тығыз қарым-қатынаста, пікір алмасып, қатесін түзеп, өз көргендерін негізге алып, ақылын қосып отырды. Ол Жүсіпбек Елебековті: «Ән өнерінің ғана емес, адамгершіліктің академигі» деп бағаласа, сол кезеңдегі жас композитор Шәмші

Қалдаяқов пен Бекен Жамақаев әндеріне берген бағасы арада 70 жылға жуық уақыт өтсе де, өз құндылығын жоймай келеді. Жазушы жас Шәмшінің «Ақ маңдайлымын» тыңдағанда: «Пәлі, мына ән ХХ ғасырдың төбесінен тамшылап тұрған лирика ғой» деген екен. Ал, Б.Жамақаевтың «Махаббат вальсін» естігенде, тұла бойын жалын шарлап өткендей әсерге бөленіп, радиоға телефон шалып, Б.Жамақаевты үйіне шақыртады. М.Әуезовтің сұрауымен жас жігіт өзі шығарған «Махаббат вальсі», «Ертіс вальсі», «Сен ғана» әндерін орындапты. «Бекен, шырақ, әндерің үшін алғысымды айтамын. Тебірендім, қуандым, жаңа леп, ғажап! Қазақтың ән өнерін белеске көтереді деген үмітім оянды, табысқа жет!» [1], – деп батасын берген екен.

Елуінші жылдар соңында келген вальс жанрын жете қабылдай алмай жатқан кәсіби ортадағы сынға ол былай пікірін білдірген: «Бізде осы күнде музыка саласында соңғы жылдары қазақ композиторларының қатарына жас талант композиторлар келіп қосылды да, қазақ әнін Абай әкелген дәрежеден, халықтық шырқау әндерінің үнін Абайдан әрі қарай дамытып, камералық музыкадан ауыстырғанда, бірталай симфониялық музыка тілінде айтылатын, соңғы жылдарда туып жатқан формалар туған да шығар, бірақ соңғы жылдарда туып жатқан жаңа әндер де бар. Ол әндер қандай ән? (...) Жуықта болып өткен композиторлардың жиналысында Қазақстан композиторлары вальсомания жолына түсті деп сын айтты. Бірақ Л.Хамидидің «Қазақ вальсі», Ш.Қалдаяқовтың «Ақ маңдайлым» сияқты вальстеріндей вальс көбейе берсе екен деп ем» [2, 99 б.], – деген екен.

Жазушының бақсы сарыны, жоқтау әуені туралы, жар-жар, сыңсу туралы, беташар, батырлық күй туралы музыка жанрларына ғылыми сипаттама берген мақалаларында терме жайында «речитатив тәріздес құрылған, бір тектес ырғақпен, қысқа қайырып айтатын мелодия» [3, 439 б.], – дейді. Яғни, термелі түрде айтылатын өлең, жырда дамыған мелодия болмайтынын айтып, «қазақтың ән шығармалары әсерлі, күйлі болып, диапазоны кең, әдемі құрылып қалыптасқан болып келеді» деп ән музыкасы мен өлең-жыр, терме музыкасы ерекшеліктерінің нақты аражігін айырып айтқан.

Ол ел аузынан жалықпай жинап, дер кезінде қолданысқа түсіріп отырды. М.Әуезовтің жинаушы ретіндегі қызметін Зоя Кедрина: «Ауыл ақыны, әлде күйші ме, жазушы ма, әлде актер ме, мейлі, әрбір мәдениет қайраткеріне Мұхтар өзінің қимас қымбат уақытын жұмсайтын, әйтеуір, одан бірдеңе шықса болғаны. Еңбегі де зая кеткен жоқ: қаншама өнер адамы өзінің табыстары мен жетістіктері үшін оған қарыздар десеңізші!» [4, 101 б.], – деп еске алады.

Жазушы 1953 жылы Абайдың «Сүйсіне алмадым, сүймедім» әнін өзі орындап нотаға түсіртеді. Және де оның Ақылбайдың әнін жеткізуімен Ж.Елебеков репертуарына енгізді. Осы бағытта М.Әуезов ақын Абайдың, оның шәкірттерінің айналасындағы ән-күйлерді жинауға түрткі болды. 1935 және 1939 жылдары композитор Л.Хамиди Абай әндерін Ж.Елебековтен жазып алып, нотаға түсірді. 1939 жылы зерттеуші Б.Ерзакович Әуезов арқылы Қуан Лекеровтен, Темірболат Арғынбаевтан, Жүсіпбек Елебековтен бірнеше әнді нотаға түсіреді. Бүгінде бізге жеткен танымал әндер нұсқаларымен жазылып алынып, жарыққа шықты. Жазушының Абай мұрасына осындай қамқорлығын академик А.Жұбанов «Әдебиетіміздің, мәдениетіміздің алыбы Мұханның бізге жиі-жиі келіп, қалжың-шынын араластырып, ақыл нұсқаулары Абайдың «Ән аруағын» үнемі қызырдай қолдап отырды» [5], – деп жазды.

Сондай қазақтың екі жарым мың ән-күйін жинаушы этнограф А.В.Затаевич туралы: «...Қатты көңіл бөлетін бір мәселе – бүгінде қазақтың ән күйін жинап, нотаға салып жүрген Затаевич сияқты күйшілер, онан соң әншілер туралы қазақ театрының жанында бұл адамдар не қылса да болуы керек. Солардың өнері, еңбегін біздің театрдың толық пайдалануы қажет» [6, 41-42 б.б.], – деп кәсіби мамандарды театр маңына топтастырып, олардың білімін жаңа ашылған театрдың өркендеу жолына пайдалана білу қажеттігін айтқан.

Жазушының ұлттық әншілік дәстүрге қарым-қатынасын, руханиятымызды жоғары бағалағандығын «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың Біржанға айтқызған мына сөздерінен көреміз: «...Үн түзеген бір әнші болушы еді, кім көрінгеннің қосшысы. Әр кез, әр мырзаның қосалқысы. Ән қадірін түсіріп, бір атым насыбайдай арзан ететін еді. Сен әнді босағадан өрлетіп, төрге шығардың, соныңа ғана қуанам. Шынында, қазағым, елім дегенде, осы елдің асыл ақын сөзінен, әсем әні сазынан артық, қай қазынасы бар еді?» [7, 69 б.]. Ал, елуінші жылдардың соңында өнерпаз жастарға, замандастарына: «Жастар, осы бастан бірнеше әдеттен сақ болыңыздар. Ең алдымен, жақсы жаздым екен деп асқақтамау керек, тумай тұрып, толдым, жазбай жатып болдым деуден қашу керек. ...болып қалдым екен деп алдыңғыны мүйіздеп, шынтағымен қаққылап, өзіне-өзі ғашық болушылық – бұл адамның үлкен соры» деген ақылы бүгінгі уақыттағы қаптаған «жұлдыздарға» арнап айтылғандай әсер береді.

1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» мақаласында: «Біз қазірде мәдениет табалдырығына қазақтың әнін ғана апарып жүрміз. Нота салынса, ән ғана салынды. Париж бәйгесіне барған да – жалғыз ғана ән. Біз

әлі күйді тірілте алмай, ескере алмай келеміз. Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы – күйі. Күйдің тіліндей бай тіл қазақтың әнінде жоқ. Бұл екеуінің қайсысы терең, қайсысы бағалы екені елдің өзі әлдеқашан айырған болатын. Ел әңгімесінде күй тартатын сыбызғышыға есті қыздың бірі ғашық болатын себебі – сол. Бұлай болса, бүгінгі театр ескілігіндегі күй мен әнді бір минут есінен шығармау керек. Бұларды тіршілікте ескі заманның өз аспабымен тірілту керек. Жалғыз ғана домбырашыны қанағат қылмай, қобыз бен сыбызғыны қайта тауып алу керек» [6, 38 б.], – деген екен. Иә, алғашқы қазақ ансамблі 1933 жылы А.Жұбанов бастап 11 адамнан құрылған болатын. Бұл мақала сол кезеңнің музыка мәдениетіндегі ең өзекті мәселесін қозғаған еді.

Қазақтың аспапты музыкасының ең көп жиналып, кең насихатталғаны домбыра күйлері болса, жалпы күй жанры туралы да ең алғашқы болып кемеңгерлік ойларын «Күй аңыздары» мақаласында айтып өткен еді. Яғни, «...қазақ халқының музыкалық фольклорын біліп, аңғарған адамның барлығына сыбызғы, қобыз, домбыра баян ететін көп күйлермен қатар, сол күйлердің ауызша айтылатын көркем шебер әңгімесі болатыны мәлім. Күйші атаулы қай күнде болса да өзінің сезімді, саналы, мәнді күйін тартпас бұрын, тыңдаушы жұртқа осы тудырған себеп не еді, соны айтады. Білсе, ең әуелі күйді шығарған күйшіні айтады. Оның өмірі, өмірінде осы күйді тудырған кез-кезені, не қуанышы-шаттықтай, не күйініш-зардай, не бір егес серпіндей, өкініш-армандай, әлде бір ер-азаматты күйзелткен ел әбігеріндей, жұрт жарасы, ер қазасы, шабыс әлек, айыру шер, ел шері сияқты толып жатқан, ой салған сылтау-себептердің қайсысы екенін айтады. Егер зерттесек», – дейді Әуезов: «Барлық Орталық, Шығыс Қазақстан, Алтай, Алатау, Сыр аясындағы қалың қазақ елі тартқан сыбызғыдағы салқын саз, қобыздағы қоңыр күй, домбыраның да екі ішекті ғана емес, әдейі күйге арналған үш ішекті тіліне оралған көп күйлердің ескі, жаңасы тегіс тарих үшін тірлік табуға тиіс. Жалпы күй аңызына тән бір ерекшелік – бұл үлгідегі әңгімелер сезімді, сыршыл келеді. Және сол мазмұнына сай қысқа, шебер, дәмді, қызық әңгіме боп келеді» [8, 283 б.], – деген. Жазушының бұл идеясы 1976 жылы ғана музыкатану ғылымында өз жалғастығын музыкатанушы Ә.Мұхамбетованың «Народная инструментальная музыка казахов (генезис и программность в свете эволюции форм музицирования)» атты ғылыми диссертациясында тапты.

М.Әуезов «История казахской ССР» кітабына арнайы бірнеше тараулар жазды. Біржан, Ықылас, Мұхит, Майра, Батақтың Сарысы, Абай, Естай, Дина, Дәулеткерей, Құрманғазы туралы жалпы ақпар

беріп, олардың шығармашылығына сипаттама берді. Ғалымның көрегенділікпен айтып кеткен тың ойларының бірі, жиырмасыншы ғасыр соңында ғана қазақтың халықтық орындаушылық өнерінде тәжірибеде қолданысқа ие болды. Ол – отандық дәстүрлі әншілік өнердегі жаңашыл, дарынды өнер иесі Б.Тілеуханның бастамасымен жаңғырған қобызбен сүйемелдеушілік еді. Ақтамберді, Қазтуған жыраулардың жыр маржандарын қобыз аспабымен сүйемелдеп, сахнаға алып шыққан әншінің жаңалығы даусыз тың бастама болды. Бір мысал келтірсек, Б.Тілеухан репертуарындағы жырларына күйші Қазанғаптың «Көкіл» күйін әуен ретінде пайдаланған еді. Бұл идея М.Әуезовтің Әміре туралы мақаласының қолжазбасында 1928 жылы: «Онан соң бірен-саран күйлерді әнге айналдырып, жаңа үлгі сияқты қылып ұсынып, байқауға да болады» [6, 55 б.], – деп жазылыпты, ал, жазушының бұл мақаласы 1959 жылы ғана жарияланды,

Осы мақаладағы жазушының мына бір ойы да бүгінгі кезеңдегі орындаушылық өнер мәселесін ғасырға жуық уақыт бұрын айтып кеткендей: «Әнінде таза дала сарынынан гөрі бояу кестесі басқарақ, жаңарақ көрінсе де, ол Әміренің біреуден алған үлгісі, жұғындысы емес. Өзінің талантынан ғана туған жаңалық. Бірақ бұл жаңалық еуропаша емес, қазақша. Әміренің айтуындағы дала әні жаңашалау сезімдікке боялған. Осынысын қазақ әнінің бір саты ілгері басқаны, көркеюге ұмтылғаны дейміз. Әміре қай әнді болса да өзінше кестелеп, қошқар мүйіз салып, үкі, маржан тағып алады. Осы бағытын дұрыс, жақсы бағыт дейміз. Бір-ақ кемшілігі – Әміре Семей әнін ғана айтады» – дей келе, «қазақ сахнасының жалпыға бірдей әншісі сол Қазақстанның әр бұрышындағы әр үлгілердің әрқайсысын да жақсы білу керек. Бір әнді Семей қалай салады, Ақмола, Қостанай, Түркістан қалай салады. Арқа әнімен Сыр бойының әні, Ұлы жүз бен Кіші жүз әндері, қазақтың романс сияқты ырғағы мол, сезімі зор Мұхит әні сияқты әндердің барлығы да Әміренің төл әні сияқты болу керек». Және: «Әміреге тоғыз облыс Қазақстанның әрбір бұрышына барып, жақсы әншіден ән үйреніп, түр жиып алып қайтып жүрсе де обал емес. ...Семей әндерімен қатып тұрып қалмай, кеңею, молаю, өсу керек. Өскенде жалпы Қазақстан әншісі боламын деген мақсатты қолдану шарт» [6, 55 б.].

Бұл – сол кезеңдегі алға жетелеуші, бірнеше онжылдықтардың алдында айтылған, заманынан озық ой. Егер біз қазіргі күн тұрғысынан «әр мектептің сауатты орындайтын, жақсы кәсіби әншісі бола білу керек» деген ұстанымды ұстасақ, онда аталмыш мақаладағы: «Болмаса, Затаевич, Ковалев жиған, нотаға түскен әндерді толық пайдалану керек» деген пікірін негізге алып, жүздеген әндердің нотасына қарап, репертуар толықтыруды, әндерді қайта өмірге әкелу

жағына басымдық танытқан жөн. Бір таң қаларлығы, мұндай әрбір музыка жанры туралы жазған тың ойларының әрбірі уақыт өте келе кәсіби жанрларда да, орындаушылық өнер бағытында да ғылыми негізбен жалғастығын тауып, дамып отырды.

Қазақтың музыка фольклорының жаңа жанрдағы өрісін М.Әуезов қазақ драма театрынан, жаңа опералардан көре білді. Ол «Қалқаман – Мамыр» (музыкасы Великановтікі) балетіне, музыкалық комедия «Айман – Шолпан», опералар – «Абай», «Бекет», «Төлеген Тоқтаров», «Еңлік – Кебек», кинода: «Көксерек», «Қараш-қараш», «Абай әндері», т.б. сюжет, либретто авторы, көркемдік жетекші болды. Мысалы, либреттист ретінде тарихи, драмалық, батырлық, патриоттық, комедиялық опера жанрының бірнеше түрін ұсынды, оларға терең үңіле білді. Жанрлық аражігін кәсіби түсінді. «Музыкалық-сыншы тұрғысынан, ол қазақ опера театры қалыптасуының шешуші кезеңдерін анықтап, опера жанрына тән ерекшеліктерді анықтап, опера жанрына тән ерекшеліктерді талдап берді» [3, 479 б.].

Алғашқы операларды тындап, оларға орынды сын пікірін былайша айтты: «Ол өз бетінде, жекеше алғанда дұрыс негіз болсын. Бірақ тегінде, осыны ғана арқандаулы қазығындай біліп, қайта-қайта тебіндеп, бар жұрт қала берсе дұрыс бола ма? Эксперименттік ізденіс, үсті-үстіне тұр, табу қайда?...» [9, 28 б.]. «Ескі әннің жаңаша жазылған операға кіретін орны да бар. Бірақ оған қарап не постановка қойсақ, соның бәрінде де «мынау жердің өлеңдерінде де, драмалық күйіне пәленше ән дәл келеді» деп, ылғи ән монтажын жасай беруіміз көп ізденіс боп шыға ма?» Яғни, тек қазақ ән мен күйлерінен құралған цитата операларға осылай кете беру дұрыс емес екендігін айтып, басқа ізденіспен жаңа бағытқа бұрылу керек екенін жазды. 1944 жылы Әуезов либреттосына жазылған А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы қазақтың тұңғыш кәсіби операсы деңгейіне көтерілді. Мұнда цитата өте аз еді, бұл композиторлық операның алғашқысы болды.

Қорыта айтқанда, Мұхтар Әуезовтің еңбектерін оқып отырғанда оның өзінен кейінгі уақытта және араға жарты ғасырдан астам уақыт салып, келешекте жүзеге асырылуы тиіс қаншама жаңа бастауларды, ізденістерді көрегенділікпен айтып кеткенінің куәсі боламыз. Оның өмірі музыкамен өрілді. Бүкіл өмірі музыкамен тығыз байланысты болды. Әйгілі роман-эпопеясы да, театрмен байланысты сын мақалалары да, опера жанрына байланысты пікірі де, халық дарындары туралы жазбалары да, бәрі-бәрі оның музыкадан терең танымын, биік талғамын, көрегенділігін анық байқатады. Ол өз заманында Қазақстанның мәдениетіндегі қалт еткен жаңалықтарға азаматтық үнін қосып отырды.

Әдебиеттер:

1. Абылайханов Т. Мұхтар және «Махаббат вальси» // <http://qazaqadebieti.kz/2760/m-htar-zh-ne-mahabbat-vals-i>.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 40 т. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 280 б.
3. Мұхтар Әуезов Энциклопедиясы. (Бас ред. С.Қасқабасов. ред. алқасы: Б.Қ.Майтанов, Н.Е.Ақбай, Р.Әбдіғұлов т.б.). – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
4. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. 2-бас. Құраст. Диар Қонаев, Санагүл Майлыбаева, Әндібек Қуанышбаев. – Алматы: Білім, 2007. – 288 б.
5. Ән-күй сапары. Ахмет Жұбановтың «Дос туралы лебіз» мақаласы. – Алматы: 1976.
6. М.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 3-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921-1929. – 424 б.
7. Әуезов М. Шығармалары. Абай жолы. – т. 2. Роман-эпопея. – Астана: Фолиант, 2013. – 464 б.
8. М.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 43-том: Мақалалар, зерттеулер. 1923-1955. – 328 б.
9. М.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. - 3-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921-1929. – 424 б.

Ақжігіт ӘЛІБЕКҰЛЫ

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ КӨНЕ ӘДЕБИЕТ НҰСҚАЛАРЫ

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының ұлы жазушысы М.О.Әуезовтің ежелгі түркі әдебиет нұсқаларын зерттеудің мәселелері туралы ой-тұжырымдары қарастырылды. Сонымен қатар, фольклорлық мұралар мен ежелгі әдеби жәдігерлердің өзара қатынасы зерттелді.

РЕЗИЮМЕ

В статье рассматриваются мысли великого писателя казахского народа М.О.Ауэзова о проблемах изучения древнетюркской литературы. В то же время изучается связь между фольклорным наследием и древними литературными реликвиями.

Көне түрік әдебиетінің тарихы қай уақыттан басталады деген көкейкесті сұрақ соңғы жылдары әдебиеттанушы ғалымдарды ойлантып жүргені рас. Түрік әдебиетінің тарихы туралы сөз болғанда көптеген ғалымдарымыз әдеби жәдігерлерімізді Орхон, Енисей және Талас өзендері бойында тасқа қашалып жазылған ескерткіштерден бастап, XV ғасырда елінің тыныштығы үшін жер шолып, жердің ұйығын іздеген Асан Қайғы мен «мұсылман мен кәуірдің арасын өтіп, бұзып дінді ашқан» Сүйінішұлы Қазтуған жырауға әкеліп тірейді. Одан бергі әдебиетті түрік халықтары бөліп, жекешелендіріп алған.

Шындығында түрік әдебиеті одан бұрын және кейін болмаған ба? Бұл сұраққа түріктанушы әдебиетшілер әлі нақты жауап берген жоқ.

Кез келген халық өзінің әдебиет тарихын танып, білу үшін оның түп-төркінін, бастау негіздерін, даму сатыларын, дәстүр жалғастығын, қазіргі әдебиетпен үндестігін, ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтауға тырысатыны белгілі. Уақыт өткен сайын ежелгі мұраларды зерттеу күрделене түсетіні де ақиқат. Осы тұрғыдан келгенде көне түрік әдебиетінің қалыптасуы мен даму жолдарын, ондағы тарихи шындық пен көркемдік болмысын жан-жақты қарастыру қазіргі әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселе.

Көне түрік әдебиетінің бастауларын халық тудырған фольклорлық шығармалардан бөліп қарастыру мүмкін емес. XX ғасырдың басында-ақ әдебиет тарихын зерттеп, зерделеген жазушы-ғалым Мұхтар Әуезов ауызша тараған халық әдебиеті туралы айта келіп: «Әдебиетті әдебиет тарихы бойынша тексергенде екіге бөлінеді. Біріншісі халық әдебиеті, екіншісі жазба әдебиет. ... Жазба әдебиет болса, халықтың әлгі мәдениетке аяқ басып, араларына өнер-білімнің таралған, сөздің қадірі артқан, іштерінен белгілі ақындар,

шешендер шыққан шағында, солардың қолымен жазып, яки тасқа бастырып шығарған өлеңдері, үлгілі сөздері» [1, 42 б.], – деп жазба әдебиеттің басталу жолы туралы анықтама береді.

Халық әдебиеті – жазба әдебиеттің негізі. Оны дәлелдеп жатудың өзі артық. Ауыз әдебиеті өз ішінде түрлі жанрларға бөлінеді. Көптеген ғалымдар фольклорлық шығармаларды сала-салаға бөліп, жіктеп көрсеткен. Басын ашып алатын мәселе біз өз зерттеуімізде фольклорлық шығармалардың жанрлық ерекшеліктеріне тоқталмаймыз. Тек түрлі жазба деректер мен шығармаларда сақталған сақ-ғұндарға қатысты тарихи аңыздарды, эпсаналарды көне түрік әдебиетінің бастауы ретінде қарастырамыз. Себебі, «әуел басында тарихи шындыққа, нақтылы деректерге негізделіп туған әңгімелер кейіннен халықтың ауызша айтатын аңыздарына айналған. Бұл әңгімелер бертін келе әр түрлі қоғамдық жағдайларға, халық тілегіне сәйкес өзгеріп, жаңара берген, оған бергі заманның өмір шындығынан туған жаңа оқиғалар, көзқарастар қосылған. Солардың бәрінде жаңағы адамдардың аттарын айнытпай сақтай отырып, соңғы кездің тілектерін көрсететін аңыздар да туған» [2, 141 б.]. Демек, жазба әдебиет фольклорлық шығармалардан бастау алады деп есептесек, онда ауыз әдебиетіне, атап айтқанда, аңыз-әңгімелерге негіз болған тарихи шындық пен оның көркемдік болмысын нақтылау әдебиеттану ғылымының қажеттілігінен туындайды.

Көне түріктер өздерінің ой-армандарын, бір тұтас ел болу тілегін, даналық сөздерін, ерлік жырларын, үлгі-насихаттарын Мойн Чор ескерткішінде тасқа қашап: «biñ yilliq: tümen күnlik: bitigimin: bilgümin: anta: yaşı taşqa: yarattidim:» «Мың жылдық: түмен күндік: бітігімді: білігімді: сонда: жазық тасқа: жараттырдым (жаздым):» – деп келешек ұрпаққа мәңгілікке жазып қалдырған еді. Десе де, ол арман-тілектері, жазба мұралары, әдеби шығармалары біздің заманымызға тұтастай келіп жетпеді. Оның түрлі себептері де бар.

Біріншіден – түріктердің көшпенді дәстүрді ұстануы. Түріктер өздерімен қатар жатқан Қытай, Иран, Византия елдері секілді тұтас күйінде отырықшыланған қағанат құрмағандықтан орталықтандырылған мұрағаты болмады. Сол себептен де күнделікті іс қағаздары мен жазба мұралары уақыт ағымымен жоғалып кетті. Біздің заманымызға дейін сақталған тасқа қашалған аздаған ескерткіштерден бөлек түрік дүниесіне қатысты құнды деректер жоғарыда аталған елдердің ғасырлар бойы жалғасын тапқан мұрағаттарынан алынғаны да жасырын емес. Соның өзінде де аталмыш елдердің тарихшылары мен жылнамашылары көп жағдайда түріктердің тарихи деректері мен әдеби мұраларын өз халқының мүддесі үшін бұрмалап, теріс аударғанын да қаперде ұстаған жөн.

Екіншіден – жаугершілікті өмір салтына айналдырған түріктер жазба ісіне аса ден қоймаған. Келісім-шарттар ауызша жасалып, оны берік тұтты. Ел тарихына қатысты маңызды оқиғалар, тектік шежірелер, аңыз-әңгімелер атадан балаға ауызша жеткізілді. Бұл жөнінде Орта Азияның мәшһүр тарихшысы Рашид-ад-дин (1247-1318): «Моңғол-түріктердің көнеден жеткен салт-дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп отырады. Олар балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді құйып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де еш ауытқыған емес» [3, 29 б.], – деп жазып қалдырған. Халық әдебиеті көне замандарда өмірде болған нақты деректер мен тарихи шындыққа негізделіп туған. Тарихшы жазып кеткендей көне түріктердің өлең-жырлары, ерлік дастандары ауызша тарады. Ауыздан ауызға тараған мұндай тарихи оқиғалар халық жадында сақталып, уақыт өте сүйіп айтатын аңыздарына айналған. Тек бірлі-жарымды жыр жолдары қытай жылнамаларына қытайша аударылып берілді.

Үшіншіден – дін және мәдениет қақтығысында үстем болған тараптар түріктердің діни және мәдени құндылықтарын түбегейлі жойып жіберуге тырысты. Себебі, діни мен мәдени құндылығынан айырылған халық өмір бойы өзге елге бодан болатыны анық. Түріктерді наным-сенімі мен мәдени мұрасынан айыру үшін сырттан келгендер өздерінің дінін, жазуын, мәдениетін алға тартты. Оларға түрлі саяси айла-шарғылармен келген қытайларды, тибеттік дін мен соғды жазуын әкелген ұйғырларды, манихей дінін уағыздаған ирандықтарды және ислам дінін таратушы мұсылмандарды жатқызуға болады. Бұл туралы Мұхтар Әуезов: «...ескі дінді еске түсіретін ұғымның бәрін жоғалтып жіберді... Сондықтан жылдан-жыл өткен сайын ескілікті еске түсіретін нәрселер жоғалып барады» [4, 20 б.], – деп жазған болатын.

Аталған себеп-салдарлар әдебиетіміздің қайнар көзін біліп-тануға зор қиыншылық тудырды. Ауызша және жазба мұраларымызды тереңдеп зерттеуге мүмкіндік туғызбады. Әр жаңа мәдениет өзіне дейінгі мәдени құндылықтарды жоюға тырысты. Сол себептен де көне түрік мәдениеті, тарихы, тілі, әдебиеті, жазуы көптеген өзгерістерге ұшырап, асылынан айырылды.

Тасқа қашалған мәдени мұралар қазақ әдебиеттану саласында да зерттеу өзегіне айналды. Мәселен, М.Әуезов батырлық жырлар мен «Манас» эпосын алғаш рет Күлтегін ескерткішіндегі мәтіндермен салыстыра зерттеп, «Тарихшылар мен әдебиетшілер үшін өте қызғылықты, шын мәнісінде маңызды проблемалар – ежелгі тарихи ескерткіштер мен эпостың арасындағы ақиқат көрінеу байланысты

ашу және табу мәселелері» деп көрсеткен болатын [5, 428 б.]. Ондай болмаған жағдайда тарихи-әдеби жәдігерлердің шындығы мен көркемдігін ажырату қиынға соғары анық. Сол себептен де әдеби шығармаларды, әсіресе, көне түркі әдебиетін қарастырғанда тарихи-типологиялық және синтездік байланыста қарастырудың маңызы жоғары. Шығарманы типологиялық және синтездік тәсілмен зерттеу қарастырылып отырған нысанды жан-жақты танып, білуге септігін тигізеді.

Кез келген ғылымда типологиялық әдіспен зерттеу бұрыннан қалыптасқан. Типология дегеніміз – белгілі бір заттардың ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне қарай бөлу, жіктеу. Бұл пікірімізді «Типология – классификация предметов или является пообщности каких-либо признаков» [6, 496 б.], – деген тұжырыммен нақтылай түсеміз. Демек, типологиялық талдау арқылы жаратылыстың: адам, жануар, жәндік, өсімдіктердің түр-тұлғасын, сыр-сипатын танып-білуге, анықтауға болады. Сыртқы және ішкі ортақ белгілері мен ұқсастықтары және ерекшеліктері бойынша топтастырылады.

Мәселен, тілдер генеологиялық (туыстық) және типологиялық (ортақ ұқсастықтар) тұрғыда жіктеледі. Генеологиялық классификация дегеніміз дүние жүзі тілдерін өзара бір-бірімен туыстығына қарай салыстырмалы-тарихи тұрғыдан топтастыру. Соған байланысты алынған тілдердің топтары тілтану ғылымында тіл жанұялары деп аталады, олар өзінің ішінен жақын туыстығына қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Ал, типологиялық классификацияда тілдер грамматикалық құрылыстар мен тұлғаларының ұқсастықтарына негізделеді.

Көркем әдебиетті де жанрына, тақырыбына, шығармадағы кейіпкерлердің сырт келбеті мен психологиясының ұқсастығына қарай топтау қарастырылып отырған туындыны жан-жақты аша түседі. Әдебиеттанудағы типологиялық әдіс бір дәуірдің немесе әр кезеңнің шығармаларын салыстырмалы түрде терең зерттеп, тиянақты тұжырым жасауға мол мүмкіндік береді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тарихи шындығы мен көркемдік шешімін көрсету үшін тарихи-әдеби жәдігерліктердегі типтілік пен ұнамды образдарды жасау мәселелерін талқылау, сол арқылы ортақ сарындар мен өзге мұраларға ұқсамас ерекшеліктерін анықтау аса қажет. Себебі, типтендіру, типтік образ жасау мәселелері әдеби шығарманың құрылымында ерекше орын алып, шығармадағы оқиғалар желісінде ұнамды образ жасау арқылы шынайы өмірден алынған нақты деректермен қатар халықтың көкейкесті арман-тілегі де көрініс табады.

Сол себептен де көне түркі әдебиетіндегі типтілік проблемасына

қатысты ұнамды образ туралы сөз еткенде тек Түркі қағанаты дәуірімен немесе Білге, Күлтегін, Тоныкөкке арнап қойылған ұстын тасқа түскен тарихи-әдеби шығармалармен ғана шектелу жеткіліксіз. Осы орайда Қытай жылнамаларында түркі ру-тайпалары жөнінде жазылған тарихи деректерді, халық арасында тараған шежірелік аңыз-әңгімелерді, ерлікке толы батырлық жырларды, кейінгі жазба мұраларды кең ауқымда салыстыра қарастыру қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін жүйелеуде көп жетістікке жеткізеді.

Жазба әдебиетте тарихи шындық туралы күмәндар мен түрлі пікір таластар болып тұратыны белгілі. Себебі, көп жағдайда ақын немесе жазушы өз шығармасында белгілі бір оқиғаны суреттеуде сезім мен шабытқа беріліп, ұнамды кейіпкерлерін дәріптеп суреттесе, ұнамсыз кейіпкерді керісінше сипатта көрсетеді. Әсіресе, Орхон бойындағы жазба ескерткіштерін осы тұрғыдан қарастырып, ондағы тарихи оқиғалар мен көркемдік шешімнің ара-жігін ажырату әдебиеттану ғылымында аса маңызды.

VII-IX ғасырлар түрік халықтарының тарихында алтын әріппен жазылып қалды. Осы кезеңде тасқа ойып жазылған түріктің көне бітігі түрік тайпаларының өркениетін көрсетсе керек. Көне бітік ескерткіштері түріктердің шығу тарихы мен даму жолдарынан, сол кездегі жер-су атауларынан, кісі есімдерінен аз да болса мағлұмат береді.

Тастағы жазулардағы көне түріктердің тәуелсіз қағандық құру жолындағы елдік мұрат-мақсаттарын айшықтау, ондағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің ара жігін ажырату, сол кездегі жер-су атауларының нақты орнын анықтау – қазіргі түрколог ғалымдарының үлкен міндеттерінің бірі. Себебі, көне түріктер өздерінің ой-армандарын, бір тұтас ел болу тілегін, сыртқы жаудан қорғану үшін жасаған жорықтарын, жүріп өткен жолын, кешіп өткен көлін тасқа қашап, жазып қалдырған еді. Десе де, ол арман-тілектері, жазба мұралары, әдеби шығармалары біздің заманымызға тұтастай келіп жетпеді. Оның түрлі себептері де бар.

Түріктердің шығу тегін, елдік мұрат-мақсаттарын, кісі есімдері мен жер-суының аталуын анықтау үшін олардың жазба ескерткіштері мен тарихи жырларына, аңыз-әңгімелеріне ден қойсақ, біршама жайтты анықтауға болады.

Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің жанры, түрі, сипаты жөнінде түрлі пікірлер айтылып келеді. Негізгі тұжырым екіге жарылған: Бірі – қағандық тұсында болған оқиғаны суреттеген тарихи дерек көзі, екіншісі – әдеби шығарма. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу жайында бұл ескерткішке ең алғаш назар аударған Мұхтар Әуезов болатын. Ол «Манас» эпосының халықтық нұсқасын жасау

керек» атты мақаласында: «Орхон жазулары деген не? Бұл күнге дейін оларды тіл тарихының ескерткіштері ретінде зерттеп жүр. Соған қоса олар фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар ғой. Егер мұндай ескерткіштер кара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып таралған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе?» [5, 243-244 б.б.], – деп орынды мәселе көтереді. Енді бір тұста «Олардың мазмұнында эпостық баяндау сазы басым, аңыздың көркемдік түрі де соған орайлас. Күлтегін, Тоныкөк немесе Суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік, қанша оқиға бейнеленген десенізіші?! Оларда әралуан рулар мен тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтардың шежіресі бар... Ол жазуларда хронологиялық тәртіп те бар... Сол жазуларда Тоныкөк тек батыр ғана емес, соғыс тактикасын жасауға қатысушы, дипломат болып та көрінеді. Онда тағылым ретіндегі өсиет те бар» [5, 208 б.], – деп ескерткіш жанрының көп қырлылығына назар аударады. Демек, ғасырларды артқа тастап, осы күнге жеткен жәдігерлерді біржақты ғана қарастырып, бір жанрға телу ғылымға қиянат болары анық. Бұл ескерткіштерде хронологиялық тәртіппен жазылған тарихи мәліметтер де, аңыз-әнімелерге сүйенген фольклорлық элементтер де, адамның жанын шабыттандыратын поэзиялық үлгілер де, тұрақты сөз тіркестерінен құрылған шешендік сөздер де, көркем ойды жеткізетін қарасөз тізбектері де кездеседі. Мұнда пәлсапалық ой-тұжырымдар мен тұтас ел болу идеясына қатысты саяси ұстанымдар да сөз болады.

Бумын есіміне қатысты тың ғылыми жорамалды түрколог-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Орынбай Бекжан ұсынады. О.Бекжан 2011 жылы «Ана тілі» газетінің 31-35-сандарында «Бумын қаған – Алпамыстың өзі» атты көлемді мақала жариялады. Автордың тұжырымы бойынша I Шығыс Түрік қағанатын құрушысының есімі түркологтардың қате оқуы себепті Бумын болып өзгертілген. Оның пікірінше Күлтегін ескерткішіндегі үлкен жазудың бірінші жолындағы > таңбасы ОДЖ⁴, ҰУДЖ⁴, ДЖ⁴О, ДЖ⁴ҰУ дыбысын білдіреді де, қаған есімі Б¹ОДЖ⁴МаН¹ болып оқылу керек екен. О.Бекжан: «Бұл Боджман, қазіргі айтылуында БОЖБАН, Қоңырат тайпасының негізгі руларының бірінің аты. Біздің бұл Божбанның сол Көктүрік қағанатын құрушы Боджман қаған екеніне көптеген бұлтартпас дәлелдеріміз бар» [7, 5 б.], – деп «Қазақ Совет энциклопедиясында» келтірілген Божбан ата шешіресін ұсынады [8, 371 б.].

Божбан мен Алпамыс батыр есімін Бумын қаған тұлғасымен байланыстыру оңай шаруа емес. Ол үшін Орынбай Бекжан

көрсеткендей есімдердің сыртқы ұқсастықтарын көрсету және ішкі дыбыстар мен буындардың орнын ауыстыру арқылы дәлелдеу аздық етеді. Тіл тарихын зерттеу кезінде жекелеген сөздердің шығу төркінін анықтауда мұндай әдіс қолданатыны рас. Дегенмен, әріптер мен буындардың орнын алмастыру логикалық тұрғыда қисынға келгенімен, нақты дерек болмағандықтан ғылыми дәлел бола алмайды.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында түркі халықтарының жазба әдебиетін Орхон ескерткіштерінен бастау қалыптасқан. Дегенмен бұл жазба әдебиеттің алдында түркілердің атадан балаға сан ғасырлардан мирас болып қалған аңыздары, ерлік дастандары, ауызша тараған өлең-жырлары бар еді. Күлтегін мен Білге қағанның жорықтары мен ерліктерін тасқа сыналап жазған авторлар сол ауыз әдебиетінен, қуатты поэзиядан, бабалар сөзінен нәр алып, сусындаса керек. Олар өз заманының қағаны мен батырының ерлік жорықтарын тек хронологиялық-тарихи шежіресін ғана беріп қоймай, сонымен қатар, дәстүрлі поэзия өрнектерімен де әдіптеген. Сол себептен де тас жазуларын эпостармен салыстыра зерттеуді алға тартқан М.Әуезов, Ә.Марғұлан сынды ғалымдардың ой-тұжырымдары әлі де мәнін жойған жоқ. Эпостық дәстүрі ерекше дамыған қазақ халқының бай мұрасын Орхон мұраларымен байланыстыра қарастыру тарихи жәдігерлердің ұлттық әдебиетіміздегі құнын арттыратыны анық.

М.Әуезов өз сөзінде эпостың шығу төркіні туралы: «Халық арасында әлде бір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалауы ықтимал» [5, 35 б.], – деп дұрыс айтқан. Белгілі бір батыр қайтыс болғанда артында қалған жұрт руының, елінің қорғанышы болған әлгі адамның туылғаннан бастап өлгенге дейінгі өмірі тізбектеліп, қадір-қасиетін, ерлік жолдарын, тіршілігін айтып жоқтап, қаза болған кісіні сағынып, егіле жылайды. Бұл жоқтау елден-елге ауызша тарап, кейінгі таратушылар батырды дәріптеп өз жанынан жыр қосып, алғашқы жоқтау жан-жақты толығып, үлкен бір эпосқа айналады. Осы тұрғыдан алғанда Күлтегін жазуы қазақ эпостарына бір табан жақын.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 15. – Алматы: Жазушы, 1984.
2. Ғабуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1974.
3. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. I том. 2 книга. – Москва-Ленинград: 1952.
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 16. – Алматы: Жазушы, 1985.
5. Әуезов М. Уақыт және әдебиет (Құраст. ред. алғы сөзін жазған Ы.Т.Дүйсенбиев). – Алматы: Қазмемкөркемәдебас, 1962. – 428 б.
6. Словарь иностранных слов. – Москва: Русский язык, 1986. – С. 600.
7. Бекжан О. Бумын қаған – Алпамыс батырдың өзі // Ана тілі. 4-17 тамыз, 2011. № 31-32.
8. Қазақ Совет энциклопедиясы. 2-т. – Алматы, 1973. – 371 б.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ:

1. **Кульбекова Айгуль Кенесовна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
2. **Сайтова Гульнара Юсуповна** – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
3. **Монсеев Евгений Сергеевич** – өнер магистрі, Қазақстан хореографтар одағының мүшесі, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
4. **Серкебаева Гульнар Хамидолиевна** – концертмейстер, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
5. **Анабек Гүлдана Рысбекқызы** – «Музыкалық білім» мамандығының 2 курс магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.
Ғылыми жетекшісі – **Бегалиева Г.К.**, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
6. **Бикенова Айгуль Сергеевна** – концертмейстер, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
7. **Калдыбаева Гульмария Ауелхановна** – Қазақстан Республикасы суретшілер одағының мүшесі, өнертану магистрі, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті;
8. **Мұстафа Нәзира Айтқожақызы** – «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 4 курс студенті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті;
9. **Ескендилов Нартай Рамазанович** – Ph.D доктор, Қазақ ұлттық өнер университеті;
10. **Исламбаева Зухра Усманбековна** – өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
11. **Аринова Бақыт Айтуовна** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
12. **Тукаева Арайлым Бекболатовна** – «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
13. **Жунусов Кумар Казыркенович** – Челябинск мемлекеттік мәдениет институтының 2 курс магистранты.
Ғылыми жетекшісі – **Сафаралиев Бозор Сафаралиевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі, Челябинск мемлекеттік мәдениет институты;
14. **Айтжанова Галия Секеновна** – әлеуметтік ғылымдар магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.
15. **Тусупова Гульден Кабдрашовна** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;
16. **Сақтағанов Балабек Кеништаевич** - PhD доктор, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
17. **Досжан Райхан Казбековна** – PhD доктор, Қазақ ұлттық хореография академиясы.

INFORMATION ABOUT THE AUTHORS:

1. **Kulbekova Aigul Kenesovna** – Doctor of Pedagogical Sciences, professor, Kazakh National Academy of Choreography;
2. **Saitova Gulnara Yusupovna** – Honored Artist of the Republic of Kazakhstan, PhD in History of Arts, professor, Kazakh National Academy of Choreography;
3. **Moiseyev Evgeniy Sergeevich** – Master of Arts, the member of the Association of Choreographers of the Republic of Kazakhstan, Kazakh National Academy of Choreography;
4. **Serkebaeva Gulnar Khamidoliyevna** – the concertmaster of Kazakh National Academy of Choreography;
5. **Anabek Guldana Rysbekqyzy** – a graduate student of a two-year master programme «Musical education», Kazakh State Women Pedagogical University;
Research adviser – **Begaliyeva G.K.**, PhD in Pedagogical Sciences, professor;
6. **Bikenova Aigul Sergeyevna** – the concertmaster of Kazakh National Academy of Choreography;
7. **Kaldybaeva Gulmaria Auelkhanovna** – the member of the Association of Artists of the Republic of Kazakhstan, Master of Arts, Kazakh State Women Pedagogical University;
8. **Mustafa Nazira Aitkozhaqzy** – a four-year student of Fine Arts and Drawing Programme, Kazakh State Women Pedagogical University;
9. **Eskendirov Nartai Ramazanovich** – PhD in History of Arts, Kazakh National University of Arts;
10. **Islambaeva Zukhra Usmanbekovna** – PhD in History of Arts, Kazakh National Academy of Choreography;
11. **Arinova Bakhyt Aituovna** – PhD in Pedagogical Sciences, Associate professor of Al-Farabi Kazakh National University;
12. **Tukayeva Arailym Bekbolatovna** – a graduate student of a two-year master programme «Pedagogy and Psychology», Al-Farabi Kazakh National University;
13. **Zhunossov Kumar Kazyrkanovich** – a graduate student of a two-year master programme «Social and Cultural Activity», Chelyabinsk State Institute of Culture and Arts;
Research adviser – **Safaraliyev Bozor Safaraliyevich**, Doctor of Pedagogical Sciences, professor, the corresponding member of the Russian Academy of Natural History, Chelyabinsk State Institute of Culture and Arts;
14. **Aitzhanova Galiya Sekenovna** – Master of social sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University;
15. **Tusupova Gulden Kabdrashovna** – PhD in Pedagogical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University;
16. **Saktaganov Balabek Kenishtayevich** – PhD in Pedagogy and Psychology, Kazakh National Academy of Choreography;
17. **Doszhan Raikhan Kazbekovna** – PhD in Philosophy, Kazakh National Academy of Choreography.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:

1. **Кульбекова Айгуль Кенесовна** – доктор педагогических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии;

2. **Сайтова Гульнара Юсуповна** – заслуженная артистка Республики Казахстан, кандидат искусствоведения, профессор, Казахская национальная академия хореографии;

3. **Моисеев Евгений Сергеевич** – магистр искусств, член Союза хореографов Казахстана, Казахская национальная академия хореографии;

4. **Серкебаева Гульнар Хамидолиевна** – концертмейстер, Казахская национальная академия хореографии;

5. **Анабек Гүлдана Рысбекқызы** – магистрантка 2 курса специальности «Музыкальное образование», Казахский государственный женский педагогический университет;

Научный руководитель – **Бегалиева Г.К.**, кандидат педагогических наук, профессор;

6. **Бикенова Айгуль Сергеевна** – концертмейстер, Казахская национальная академия хореографии;

7. **Калдыбаева Гульмария Ауелхановна** – член Союза художников Республики Казахстан, магистр искусствоведения, Казахский государственный женский педагогический университет;

8. **Мұстафа Нәзира Айтқожақызы** – студентка 4 курса, специальность «Изобразительное искусство и черчение», Казахский государственный женский педагогический университет;

9. **Ескендилов Нартай Рамазанович** – доктор Ph.D, Казахская национальная академия хореографии;

10. **Исламбаева Зухра Усманбековна** – кандидат искусствоведения, Казахской национальной академии хореографии;

11. **Аринова Бақыт Айтуовна** – кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби;

12. **Тукаева Арайлым Бекболатовна** – магистрантка 2 курса специальности «Педагогика и психология», Казахский национальный университет им. Аль-Фараби;

13. **Жунусов Кумар Казыркенович** – магистрант 2 курса, специальность «Социально-культурная деятельность», Челябинский государственный институт культуры;

Научный руководитель – **Сафаралиев Бозор Сафаралиевич**, доктор педагогических наук, профессор, член-корреспондент Российской Академии Естествознания, Челябинский государственный институт культуры;

14. **Айтжанова Галия Секеновна** – магистр социальных наук, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева;

15. **Тусупова Гульден Кабдрашовна** - кандидат педагогических наук, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева;

16. **Сактаганов Балабек Кеништаевич** – доктор Ph.D, Казахская национальная академия хореографии;

17. **Досжан Райхан Казбековна** – доктор Ph.D, Казахская национальная академия хореографии.

«ARTS ACADEMY» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

«Arts Academy» журналының редакциялық саясаты ғылыми қызметтің этикасына тікелей байланысты. Редакциялық саясатта ғалымдар өз жұмыстарына дайындық жасау барысында редакциялық саясатта басшылыққа алатын қағидаттар мен ұйғарымдар жиынтығы баяндалады.

«Arts Academy» журналының жоспары – рецензияланатын, дәйексөз алынатын журналдардың қатарына ену. Бұл өз кезегінде редакция алқасын маңызды өнегелі-этикалық қағидаттарды және ұйымдастыру нормаларын сақтауға міндеттейді.

«Arts Academy» журналының редакциялық саясатының жалпы ережелері

Журналдың тақырыптық бағыты бар. Журнал беттерінде ғылыми мақалалар, шолулар, қысқаша хабарландырулар мен дискуссиялық мақалалар жарияланады.

Басылым өзекті мәселелерге:

- хореографиялық өнердің тарихына,
- хореография педагогикасына,
- өнертануға,
- қазіргі мәдениетке,
- өнер және білім беру саласындағы менеджментке,
- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға арналған.

Журналдың шығу мерзімділігі – тоқсан сайын.

Журналдың редакция алқасы – Қазақстан Республикасындағы, ТМД елдеріндегі және алыс шетелдегі білім беру және ғылыми-зерттеу ұйымдарының жетекші ғалымдары мен мамандары.

Ғылыми журналдың редакция алқасы түпнұсқаны, бұрын ешбір жерде жарияланбаған және бірмезгілде басқа басылымдарда басылуға арналмаған мақалаларды ғана қабылдап, қарастырады.

Ғылыми журналдың редакциялық саясатының негізгі қағидаттары

Журнал редакциясы төмендегі заңдармен қорғалатын өз жұмыстарын басылымға жіберген авторлардың құқықтарына құрметпен қарайды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясымен (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған) (10.03.2017 жылғы жағдай бойынша барлық өзгертулермен және

толықтырулармен);

2. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңымен;

3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-I «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңымен;

4. Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I «Авторлық құқық және аралас құқықтар туралы» Заңымен (24.11.2015 жылғы жағдай бойынша барлық өзгертулермен және толықтырулармен);

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңымен (09.04.2016 жылғы жағдай бойынша барлық өзгертулермен және толықтырулармен).

«Arts Academy» журналының редакция алқасына басылымға ұсынылған авторлық құқық міндетті түрде келесі шарттарды орындауға негізделеді:

- зерттеудің құрылымына және концепциясына немесе мәліметтерді талдауға және түсіндіруге айтарлықтай үлес қосуға;
- мақаланың мәтінін жазуға немесе оған түбегейлі өзгерістер енгізуге;
- баспаға берілетін соңғы нұсқаны мақұлдауға.

«Arts Academy» журналына өз жұмыстарын ұсынатын авторлар өз тарапынан мақаланың келесі талаптарға сай болуына кепілдік беруі тиіс:

- ✓ түпнұсқалық болуы (басқа басылымдарда бұрын соңды осы формада немесе мазмұны жағынан ұқсас формада жарияланбаған);
